

Аймақ
ауылдары
ажарланады



2

Қандай көлік
тіркеледі?



3

Абылай
ханның
ақылшысы



6



1931 жылдың 4 қазанынан
бастап шығады

ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ: СӨЗДІҢ АТАСЫ – БІРЛІК, АНАСЫ – ШЫНДЫҚ

ORTALYQ QAZAQSTAN

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТИ



www.ortalyq.kz



www.instagram.com/ortalyq.kz/

№6 (23 182) 17 ҚАҢТАР, СЕЙСЕНБІ 2023 ЖЫЛ



www.facebook.com/ortalyq.kz/



info@ortalyq.kz

• НАРЫҚ

Әуе билеттері қымбаттады

Қазақстанда әуе билеттері қымбаттады. 2022 жылдың желтоқсан айының қорытындысы бойынша Қазақстандағы әуе жолаушылар тасымалы қызметінің құны бір жылда 16,8%-ға өсті.

Energyprom.kz мәліметінше, бағаның қымбаттауы ең алдымен Батыс Қазақстан облысында байқалды (67%). Абай (жылына плюс 57,3%) және Қостанай (плюс 43,2%) облыстарында да бағаның өсуі тіркелді.

Ал, Ұлытау (20,8%) және Алматы облыстарында (3,9%) керісінше бағаның төмендеуі байқалады.

«2022 жылдың қаңтар-желтоқсан айларында әуекомпаниялар 11 миллион жолаушыны тасымалдады, бұл бір жыл бұрынғы көрсеткіштен 16,5 пайызға көп. Ең жоғары көрсеткіш Алматыда тіркелді – 7,4 миллион адам», – делінген хабарламада.

Сарапшылардың мәліметінше, 2022 жылы аптасына 477 рейс жиілігімен 108 бағыт бойынша 30 елге халықаралық рейстер қалпына келтірілді.

6 қаңтарда Қазақстанда «ашық аспан» режимі бес жылға, яғни 2027 жылға дейін ұзартылғаны белгілі болды. Бұл рейстер географиясын кеңейтіп, халықаралық рейстердің санын көбейтеді.

Өз тілшімізден

• СЕНАТ САЙЛАУЫ

14 қаңтарда Парламенттің жоғарғы палатасы – Сенат депутаттарының кезекті сайлауы өтті. Облыстағы барлық деңгейдегі 204 мәслихат депутатының 191-і – жанама сайлау құқығы негізінде Кеншілер мәдениет сарайында жасырын дауыс берді. Сайлау қорытындысы бойынша облыстан Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты ретінде 147, яғни, сайлаушылардың 78,2% дауысына ие болған облыстық мәслихат хатшысы Серік Өтешов сайланды. Ал, Мұрат Әбілов – 15, Татьяна Шатихина – 24 дауыс жинады.



Салтанат ІЛНІЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Дауыс беру алдында сайлау комиссиясының мүшелері дауыс беру жәшіктері мен бюллетеньдерін тексерді. Алдын ала санақ бойынша 206 бюллетень тіркелген. Жалпы облыста облыстық, аудандық және қалалық деңгейдегі 204 мәслихат депутаты бар екенін ескерсек, екі бюллетень одан әрі жою үшін мөрленді.

Толығырақ тоқталар болсақ, аудандық мәслихаттар бойынша Осакаровтан – 12, Қарқаралыдан – 12, Ақтоғайдан – 11, Бұқар жыраудан – 13, Нұрадан – 11, Абайдан – 12,

Ашық қоғамның алғышарты



Шеттен – 13 депутат бар. Ал, қалалық мәслихаттар бойынша Қарағандыдан – 29, Шахтинскіден – 12, Балқаштан – 13, Теміртаудан – 17, Приозерскіден – 11, Сараннан – 12 және облыстық мәслихаттан – 26 депутат тіркелген.

Бірақ, 204 депутаттың 191-і ғана дауыс берді. 13 депутат белгілі себептерге байланысты қатыса алған жоқ. – Дауыс беру қорытындысы бойынша хаттама толтырылады. Сайлау қорытындысын Орталық сайлау комиссиясы бір апта ішінде жариялайды. Белгілі себептермен дауыс беруге қатыса алмаған депутаттарға келетін болсақ, сайлау өтетіні туралы алдын ала ескертілуі

тиіс арнайы ереже жоқ. Депутаттар сайлаудың өтетін орны мен уақыты бойынша уақытылы хабардар етілді. Бірақ, бұл өмір және түрлі себептер болуы мүмкін. Заң бойынша бұл – олардың құқығы, – деді, облыстық сайлау комиссиясының төрағасы Қайрат Нұркенов.

Сенатты қалыптастыру тәртібі

ҚР Конституциясында айқындалған. Парламенттің жоғарғы палатасында әр облыстан, республикалық маңызы бар қаладан және Астанадан екі адам ұсынылған. Сенат депутаттарының өкілеттік мерзімі – алты жыл. Бұл жағдайда жартысы үш жыл сайын қайта сайланады.

Серік Өтешов 2017 жылы Қарағанды облысынан сайланған Сенат депутаты Рысқали Әбдікеревтің орнына барады.

– Бүгін облысымыздан Сенат депутаттығына үміткерлерге дауыс беруге келдік. Бұл менің депутат ретінде алғаш дауыс беруім. Біз Жаңа Қазақстанға, Әділетті Қазақстанға қадам бастық. Бүгінгі сайлау – соның кепілі. Кейінгі бір жылда елімізде талай оң өзгерістер орын алды. Референдум өтті, халық болып жұмыла Ата Заңымызға өзгерістер енгіздік. Президентімізді алғаш рет жеті жылға сайладық. Мұның барлығы – біздің демократия жолында жасап жатқан қадамдарымыз. Бұл сайлау да әділетті өтетініне бек сенімдімін, – дейді Осакаров аудандық мәслихатының депутаты Гүлбаршын Аманбаева.

Қалай болғанда да, бұл сайлауда біздің қоғамдағы реформалар кезеңінің талаптарына толық жауап бере алатындай ашық таңдау жасалды.

Суретті түсірген
Александр МАРЧЕНКО

• ЖАҢА ФИЛЬМ

Ғұлама ғұмыр ғибраты

Ұлттық арна түсірген төрт бөлімді «Әлкей. Ғұлама ғұмыр» телехикаясы қазақтың көрнекті ғалымы, археолог, шығыстанушы Әлкей Марғұланның өмірі мен қызметі туралы сыр шертеді. Сюжет желісіне Әлкейдің Семейдегі педагогикалық техникумда оқыған жасөспірім шағы, 1930 жылдардағы қуғын-сүргінге ұшыраған кезеңі, қазақтың батырлық жырларын зерттеп, жарыққа шығаруға ден қойған сәті арқау болған. Ал, Орталық және Шығыс Қазақстан аймағында ежелгі қола дәуірі өркениетінің үлкен ошағы болғанын дәлелдеп, әлем қауымдастығын елең еткізген жаңалығы – телехикаяның басты оқиғасы. Бас продюсер – Роллан Пошан, қоюшы режиссер – Жасұлан Пошанов, сценарий авторлары – Данияр Күмісбаев, Серікболсын Сабыржанов, Жасұлан Пошанов.



Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

► 8-бет



• ДАБЫЛ ҚАҒАМЫЗ!

Курьяновка күдер үзе ме, шідер үзе ме?

Қалада нөмірі 33-ші шахта аумағындағы Курьяновка аталып кеткен шағын аудан бар. Мұнда 2 мыңға жуық адам тұрады. Манайында көмір қоймалары мен қара алтынды қайта өңдейтін бірнеше өнеркәсіп кәсіпорындарының қызметі қарқынды. Бірақ жергілікті ата-аналар қауымы кәсіпорын ошақтарының күнделікті тірлігіне наразы...



Ерқанат КЕЧЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»



► 3-бет



• МӘСЕЛЕНІҢ МӘНІСІ

Апатты мектеп жабылды

Қыстың қақ ортасында Қарағандыдағы №44 негізгі орта мектебі жабылып қалды. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі жылдары салынған мектептің қабырғасы қақырап, құлаудың аз-ақ алдында тұр. Арнайы құрылған комиссия оқу ордасын апатты деп таныды. Қазір оқушылар мен мұғалімдер көрші орналасқан №64 мектепке көшірілді. Ал ескі ғимарат жазға қарай сүріліп, орнына жаңасы салынбақ.



Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Оқу жылы ойдағыдай басталған-ды. Қыс кезінде мұндай оқыс жағдай болады деп ешкім де ойлаған жоқ. Мектептегі ата-аналар қоғамдық кеңесі әу баста өз күшімен кабинеттерді ретке келтіруге көмектескен.

Жуық арада бюджеттен бөлінген 1 млн. теңгеге мектептің жарықтандыру жүйесі жаңартылған. 1 қыркүйекте білім алуға келген оқушылар мен мұғалімдер оқу жылының ортасында мектепсіз қалатынын біліп пе еді?

► 5-бет

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ:

•EUR/KZT 501.21

•USD/KZT 462.29

•RUB/KZT 6.87

•CNY/KZT 68.83

Қазақстан Ұлттық Банкінің 16 қаңтар, 2023 жылғы дерегі бойынша



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

Аймақта тұрғындардың әл-ауқатын көтеруді мақсат еткен «Ауыл – Ел бесігі» жобасы жүзеге асып, жайылымдық жерлер қайта қалпына келтірілмек. Бұл туралы аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаевтың қатысуымен өткен аппараттық жиында айтылды.

Сағыныш ӘБІЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Биыл «Ауыл – Ел бесігі» жобасына 32 ауыл қатысады. 33 әлеуметтік маңызы бар жоба іске асырылса, 22 елді мекенде жол жөнделеді.

– Бір ауылдық елді мекен – бір жыл деген қағиданы ұстану қажет. Біз бір ауылға кіріп, бәрін шешіп, қайта оралмағанымыз абзал, – деп атап өтті облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев. – Аудан әкімдері «Ауыл – Ел бесігі» жобасы аясында ауылдарды кешенді дамыту жоспарын дайындасын. Барлық конкурстық рәсімдерді уақытылы өткізіп, жобаларды іске асыруға кірісу қажет.

Осы бағдарлама аясында өткен жылы 60 мыңға жуық адам тұратын 21 ауыл мен кенттің тұрмысы түзелген болатын. Мәселен, жолдар жөнделіп, жаңа спорт нысандары са

Аймақ ауылдары ажарланады

лынды. Мектептер мен интернаттар, мәдени орталықтар ауыл халқының игілігіне берілді. Мұндай жұмыстар биыл да жалғасын таппак.

Биыл «Ауыл – Ел бесігі» жобасымен 43 924 адам тұратын 32 ауылдық елді мекенді қамту жоспарлануда. Бұқар жырау ауданы Гагаринское ауылындағы мектепте қосымша құрылыс жұмыстары жүреді. Со



нымен бірге, Бұқар жырау ауданының Ғ.Мұстафин атындағы және Абай ауданының Топар кентінде дене шынықтыру-сауықтыру кешені салынуда.

– Осакаров ауданы Ақбұлақ ауылындағы орта мектеп қайта жаңартылып, Батпақты, Садовое, Озерное, Шет ауданына қарасты Мойынты және Босаға ауылдарында бес мәдениет үйіне күрделі жөндеу жасалды. Абай, Осакаров, Нұра және

Бұқар жырау аудандарының 22 елді мекенінде 134 шақырым кентішілік жолды жөндеу жоспарлануда, – деді облыстық экономика басқармасының басшысы Татьяна Аблаева.

«Ауыл – Ел бесігі» жобасы тұрғындардың әлеуметтік әлеуеті мен экономикалық инфрақұрылымын жақсартуға бағытталса, ауыл халқы үшін жайылымдық жер

да жүзеге асырылады. Бұл туралы облыстық жер қатынастары басқармасының басшысы Дарын Бұлқайыр баяндады.

– Бұқар жырау ауданында пилоттық жоба Ростов, Белағаш, Қаражар, Самарканд, Баймырза ауылдық округтерінде іске асырылады. Осакаров ауданынан Озерный, Сарыөзек және Қарағайлы

● Өңірлерді дамыту

Аудан дамуында қарқын бар

Өткен аптада, Қарағанды облысының өңірлік коммуникациялар қызметінде Нұра ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы арнайы брифинг өткен болатын. Онда аудан әкімі Бақытжан Мұқанов өткен жылы атқарылған жұмыстар мен алдағы жоспарлар туралы баяндады. Журналистер қойған сұрақтарға жауап берді.

Дулат ЖҮНІСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Нұра ауданы облыстағы өндірісі, ауыл шаруашылығы мен басқада еңбек салалары дамыған өңір. Оның ішінде аудан экономикасын алға жылжытып отырған ірі сала – ауыл шаруашылығы. Мұндағы егіс көлемі биыл 305,6 гектардан асады деп күтілуде. Дәнді және майлы дақылдар, картоп алқаптары ұлғаймақ. Өсімдік саласын дамытуға 2,8 млрд. теңге субсидия бөлінді.

2022 жылы ауыл шаруашылығында 555,3 млн. теңге сомасына алты жоба іске асырылып, 50 жаңа жұмыс орны құрылды.

азайтуға бағытталатын болады.

Өңір халқының әл-ауқатын арттыру мақсатында 2021-2022 жылдары кәсіпкерлікті дамытуға 154 млн. теңге және бизнес-жоспарларды қолдауға 63 млн. теңге бөлінді. Жас кәсіпкерлерге аудан әкімінің 7,3 млн. теңге арнайы гранты берілді.

2022 жылы 9,2 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді, бұл өткен жылдан 19,2 % -ға артық.

Көп балалы отбасыларға 19 пәтер, халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарына 3 пәтер, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға 24 пәтер жалға берілді.

Ауданның 108 шақырымға жуық автомобиль жолдары жөнделген,



● COVID-19

Бір тәулікте – 56 адам

Аймақта коронавирус инфекциясы бойынша эпидемиологиялық ахуал тұрақты. 15 қаңтардағы дерекке сәйкес, облыс бойынша 2 адам, республикада 56 адамнан вирус анықталды.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»



Жыл басынан бері кешегі күнге дейін облыста коронавирустың 122 жағдайы тіркелді. Оның ба

сым бөлігінде ауру белгілері байқалған. Пандемия басталғаннан бері уақытта барлығы 162 016 адамның

ауырғаны белгілі болды. Ел көлемінде ауырғандар саны – 1 404 991. 13 843 адам індеттен қайтыс болған.

Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметінше, 16 қаңтарда 2 159 адам коронавирус инфекциясынан емделуде. Оның ішінде 220 наукас стационарда жатса, 1 939 наукас амбулаториялық деңгейде ем қабылдауда. Мамандар сегіз адамның жағдайы ауыр, алты адамның жағдайы өте ауыр деп бағалауда. Төрт наукас өкпені жасанды желдету аппаратына қосылған. Мамандар коронавирус пен ЖРВИ инфекцияларының араласуынан асқынулар болуы мүмкіндігін ескертеді. Сондықтан, маска мен антисептик пайдалануға, көпшілік орындарға бармауға наукас адаммен араласпауға кеңес береді. Ауырған жағдайда дер кезінде медициналық көмекке жүгінген жөн.

Әсіресе, қазір коронавирустың

түрлі нұсқалары таралып жатқанда, сақтық шаралары қажет. Мәселен, омикрон штаммының бір нұсқасы – «кракенді» мамандар пандемия тарихындағы ең жұқпалы деп сипаттап отыр. Ресейлік Роспотребнадзор ғалымдарының айтуынша, «кракеннің» геномы екі бөліктен тұрады. Бір бөлігі BA.2.75 «кентавр» нұсқасына тиесілі болса, екіншісі омикронның тағы бір BA.2.10.1. нұсқасына тән. Сарапшы мұндай комбинация жаңа штамға адамның қорғаныш қасиетін «айналып өтетін» мүмкіндік берген деген пікірде.

Мұндай кезде сақтық шараларымен қатар, вакцинация мен ревакцинацияның қажеттілігі артады. Денсаулық сақтау министрлігінің өткен жұмадағы дерегінше, 10 857 631 қазақстандық вакцинаның бірінші компонентін, 10 628 450 адам екіншісін алған. Ревакцинациядан өткендер саны – 5 739 097. Облыстың денсаулық сақтау басқармасының мәліметінше, Синофарм, Коронавак, Казвак бүгінде қолданыста бар вакциналар.

● БАСПАСӨЗ МӘСЛИХАТЫ

Ұшық деген аяқ асты. Әсіресе, қазіргідей көк мұзда құлап, жарақат алу әп-сәтте. Десе де, биыл былтырғымен салыстырғанда жарақат алғандар біршама азайған. Жол-көлік оқиғасымен байланысты жарақаттардан басқа көшедегі, тұрмыстық, өндірістік, спорттық жарақат бойынша төмендеу бар.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Былтыр осындай мерзімде 4 090 жарақат тіркелген, биыл, 3 963 жағдай тіркелді. Көшеде жарақат алғандар былтыр 1908 болса, биылғы 12 күнде 1698 адам. Айырмашылық шамалы болса да бар. Бірақ, жол-көлік оқиғаларымен байланысты жарақат алғандар 11 адамға артық. Егер пайызбен айтсақ, 1 пайызға артық. Көшеге шықты, шалынып қалды ма, тайпып кетті ме, құлап жарақат алды. Бір айта кетерлігі, мұз айдынында құлағандар да көшедегі жарақатқа жатады. Спортпен кәсіби түрде айналысқанда ғана ол спорттық жарақат санатына кіреді, – дейді Х.Мақажанов клиникасының сипциялық орталық басшысы Ерік Шонбаев.

Дәрігер мереке кезінде отшашу түрлерінен бес адамның жарақат алғанын айтты. Сонымен қатар, үсік

Көк тайғақтан абайла!

шалғандар туралы да сөз қозғалды.

– Былтыр үсік шалған 10 адамның алтауына ота жасалса, биылғы 13 адамның сегізі стационарға жатқызылды, – дейді Ерік Шонбаев.

– Ота жасалғандар ішімдік ішкен-

ге, асықпай, абайлап жүруге кеңес берді.

– Құлаған кезде жинақталып құлауға тырысу керек. Біз көбінесе қолымызды тіреп құлаймыз. Сондықтан, қол жиі сынады. Жалпы,

сыну, шығып кету жиі кездеседі. Жас адамдарда жай жарақат болуы мүмкін, – дейді дәрігер.

Дәрігердің айтуынша, құлаған адам тұруға шамасы келмесе, қозғамаған жөн. Аяғын



дер, өмір салты дұрыс емес адамдар. Олар 2-3 тәулік өтіп кеткеннен кейін келеді. Мұндайда тек операция ғана көмектесе алады. Мас күйінде немесе есірткі заттарын пайдаланып далаға шығуға болмайды. Қазіргі аязда үсіп қалу оңай. Мас адам жағдайды нақты бағдарлай алмайды.

Дәрігер мұзды айналып өту-

әйел адамдарда кәрі жілік, нық пен жамбас жиі сынады. Ал, еркектерде табан буыны, нық пен жамбас сүйегінің жарақаты жиі кездеседі. Жарақаттың ауыр-жеңілдігі адамның гормональдық жағдайына, сүйектердің беріктігі мен қосымша ауруларының бар-жоғына байланысты. Үлкен кісілерде жасына байланысты

баса алса, жүруіне көмектесу керек.

– Ал, жол-көлік оқиғасына тап болған адамды қозғамаған дұрыс. Оған нақты не болмағанын ешкім білмейді. Бірден жедел жәрдем шақыру керек, – дейді дәрігер.

Ауданда жұмыссыздар саны 2,9% құрады. Алдағы жұмыс бұл санды

• БРИФИНГ

Қандай көлік тіркеледі?

Мемлекет басшысы елімізге 2022 жылдың 1 қыркүйегіне дейін әкелінген, мемлекеттік тіркеуден өтпеген шетелдік автокөліктерді біржолғы заңдастыру туралы жариялағаны белгілі. Осы мақсатта қажетті заңнамалық өзгерістер енгізілді. Одан бөлек, Үкімет ағымдағы жылғы 11 қаңтарда Қазақстан Республикасы аумағына әкелінген көлік құралдарының жекелеген санаттарын алғашқы тіркегені үшін алым мөлшерлемесін қолданудың, көлігі тіркелмеген жеке тұлғаларды кеңейтілген міндеттемелерінен босатудың қағидаларын, шарттары мен мерзімдерін бекітті.

 Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»



Сурет интернеттен алынды

Ереже ресми жарияланған күнінен кейін он күнгізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі. Яғни, 2023 жылдың 23 қаңтарында күшіне еніп, сол күннен бастап шетелдік автокөліктерді заңдастыру басталады. Бекітілген ережеде автокөліктер қандай жағдайда 200 000 теңге алымы төленіп, утиль алымынан босатыла отырып, заңдастыруға жататын нақты алғышарттар белгіленген. Біріншісі, көлік 2022 жылдың 1 қыркүйегіне дейін елге әкелінуі керек; екіншісі, іздеуде болмауы қажет; үшіншісі, басқа мемлекетте бұрынғы тіркелген жері бойынша есептен шығарылған болу тиіс; төртінші, кедендік тазартудан өту керек.

Ереже 2023 жылдың 1 шілдесіне дейін күшінде болмақ. Жеңіл автокөліктерге, салмағы бес тоннаға дейінгі автобустарға, 3,5 тонналық жүк көліктеріне әрі оң рөлді автокөліктерге қолданылады. Бастапқы тіркеуге жататын шетелдік көліктердің жасына және экологиялық сыныбына талаптар қойылмайды. Журналистердің «Автокөліктерді заңдастыру қалай жүзеге асырылады?» деген сауалына облыстық полиция департаменті әкімшілік полиция басқармасы бастығының орынбасары Елжас Жартыбаев жауап берді.

— Заңдастыруға өтінішті «Электрондық үкімет» порталы арқылы немесе арнайы автоцонға

жеке жүгіну арқылы беруге болады. Осыған орай, арнайы автоцондарда бейінді секторлар ұйымдастырылады. Сектор қызметкерлері автокөліктерді заңдастыруға қажетті құжаттарды қабылдауды ғана жүзеге асырмақ. Ол жердегі әкімшілік полиция қызметкері заңдастыру тәртібін түсіндірумен шұғылданады. Мемлекеттік кірістер органдарының бір өкілі де сол жерде қажет болған жағдайда кедендік төлемдерді төлеудің тәртібін түсіндіреді, — деді спикер.

Есте сақтау қажет, жүгінуші мына төрт құжатты ұсынуы керек: өтініш; өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжат; көлік құралының паспорты, яки, көлікті тіркеу туралы куәлік; меншік құқығын растайтын құжат. Бұған мүлікті сатып алу-сату, айырбастау, сыйға тарту немесе иеліктен шығару туралы өзге де мәміле шарттары, мұрагерлік құқығы туралы куәлік жатады. Бұл ретте, азаматтық заңнамаға сәйкес, мұндай құқық сенімхатпен берілген жағдайда сенімхат, көлік құралына меншік құқығын үшінші тұлғаға беру үшін негіз болады.

Құжаттар тапсырылған соң көлік автоцонның тексеру пунктіне жөнелтіледі. Тексеру жұмысын ішкі істер органдарының сарапшы-криминалісі жүргізеді. Тексеру амалы өткеннен кейін екі күн ішінде темір тұлпарды заңдастыруға болатыны не болмайтыны

жөнінде шешім шығарылады. Бүгінде бұл үдеріс толығымен автоматтандырылған. Автокөліктің шекарадан өту есебі оның сәйкестендіру коды (VIN коды) бойынша жүргізіледі. Автокөлік Интерпол және ТМД базалары бойынша тексеріледі, ал, Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік жүйесі бойынша кедендік тазартудан өту қадағаланады.

Тексеруден сәтті өткен жағдайда өтініш берушінің ұялы телефонына оң нәтиже туралы және көлігін тіркеу үшін арнайы автоцонға келуі туралы қысқа хабарлама жолданады. Меншігін тіркеуге қайта келген көлік иесі алғашқы тіркеу үшін 200 000 теңге алымын, техникалық паспорты үшін 4 313 теңге мемлекеттік баж, сондай-ақ, мемлекеттік нөмір үшін 9 660 теңге мөлшерінде алым төлеп, құжат түпнұсқасын автоцон қызметкеріне тапсырады. Тіркеу бекітілгеннен кейін автомобиль иесіне Қазақстан Республикасының тіркеу құжаты және мемлекеттік нөмірлері беріледі.

Бұдан былай Қазақстан азаматтары шетелдік есепке алынған автокөліктерді сатып алғаннан кейін 10 жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасында уақытылы тіркеу туралы талаптарды сақтауы қажет. Заңдастырудан өтпейтін автокөліктер ел аумағында заңсыз пайдалануда деп есептеледі.

ҚОҒАМ

• ДЕНСАУЛЫҚ

Аяздың да пайдасы бар

Қаңтардың қақаған аязы денсаулыққа пайдалы болып шықты. Мамандар аяз күшейгенде жігі респираторлық вирустық инфекцияның таралуы саябырсығанын айтады. Қазір жыл соңындағыдай дүрлігу байқалмайды. Десе де, вирус біржола құрды дей алмаймыз.

 Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

ЖРВИ деген топқа тұмау, риновирустар, коронавирус та, аденовирус пен тыныс алу жолдарының қабынуын тудыратын басқа да инфекциялар кіреді. Мамандардың айтуынша, адам онымен жыл бойы ауыруы мүмкін, бірақ, күз бен қыста өршиді. Сондықтан, дәл осы кезеңде профилактикалық шаралар қолдану керек.

— ЖРВИ тудыратын 200-ден астам вирус түрлері бар. Көпшілігінің белгілері ұқсас. Дене қызуының көтерілуі, қалтырау, жалпы әлсіздік, бас ауруы мүмкін. Кейде конъюнктивит те пайда болады. Қазір жыл соңындағыдай емес, тұмаудың таралуы біршама басылды, — дейді №1 көпбейінді аурухананың профилактика және әлеуметтік-психологиялық көмек бөлімінің меңгерушісі Любовь Ковалева.

Негізінде көп жағдайда респираторлық вирустық инфекциялар жеңіл өтеді және өздігінен кетеді. Себебі, вируспен иммунитет жүйе күреседі. Ал, егер вирус төменгі тыныс жолдарына енсе, ауру асқынып, салдарынан бронхиттен басқа, вирустық пневмония пайда болуы мүмкін.

— Ауруханаға осы эпидемиологиялық кезеңде ауырған 4 937



адам тіркелді. Оның 1 612-сі — бала. Екі адамда пневмония болып, жағдайы ауырлады. Зерттей келе, олардың коронавирус екені анықталды. Қазір екеуінің де жағдайы қалыпты, — дейді бөлім меңгерушісі.

Оның айтуынша, вирустың өршіп тұрған уақытында көпшілік жерлерге баруды қойып, гигиеналық шараларды көбейту керек.

— Көпшілік жиналған іс-шараларға баруды шектеу, ауырған адамдармен тым жақын араласпау және мүмкіндігінше қолды жиі жуу қажет. Ауырып қалған болса, еңбекке жарамсыздық бюллетенін алу керек. Қоғамдық көлікте көп жүрмеу, өзгеге жұқтырмас үшін маска таққан дұрыс. Сондай-ақ,

үйіңіз бен жұмыс орныңызды жиі тазалап отырған жөн. С дәруменін үнемі қолдану ЖРВИ-мен ауыру ықтималдығын төмендетпейді, дегенмен, кейбір жағдайларда аурудың ауырлығы мен ұзақтығын

азайтады, — дейді Любовь Михайловна.

Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің мәліметіне сәйкес, тұмаумен ауыру деңгейі былтырғы осы кезеңмен салыстырғанда 1,4 есе жоғары.

Тұмаудың зертханалық расталған 297 жағдайы тіркелген. 66 жағдайда А1, 231 жағдайда В тұмауы. Оның ішінде 14 жасқа дейінгі балалар саны — 120. Өңірде айналымда тұмауға ұқсас вирустар да бар. Ағымдағы маусымда ЖРВИ белгілері бар науқастардан шамамен 1152 үлгі зерттелді. Тұмауға ұқсас вирустардың үлес салмағы 14% шамасында. Олар негізінен риновирус, РС вирусы, аденовирус екені белгілі болды.

Лапароскопия кең қолданыста

Мәскеулік хирург Артем Гончаров облыстық клиникалық аурухана дәрігерлеріне шеберлік сабағын өткізді. Шара аясында лапароскопия арқылы тоқ ішек патологиясы бар науқастарға көмек көрсетілді.



Ресейлік маман үш шағын инвазивті операция жасады. Операцияға ауруханадағы хирургиялық орталықтың барлық дәрігерлері қатысты. Одан бөлек, басқа елдің дәрігерлері де отаны онлайн трансляция арқылы көрді.

Алғашқы операция стомасы

бар науқасқа жасалады. Дәрігер сыртқа шығып кеткен ішектің бір бөлігін орнына қайтарып, оның жұмысын қалпына келтіруі керек.

— Мұны істеу үшін іштің қабырғасы толығымен кесіліп, классикалық тәсілмен өткізіледі, сонымен қатар, бұл операцияны

кішкентай тіліктер арқылы лапароскопиялық әдіспен де жасауға болады. Лапароскопия науқастың тез қалпына келуіне, жақсы косметикалық нәтижеге және асқынудың белгілі бір түрін азайтуға мүмкіндік береді, — дейді Орталық клиникалық аурухана мен Ресей Федерациясының Президенті Іс басқармасы емханасының колопроктология бөлімінің меңгерушісі Артем Гончаров.

Шеберлік сабағынан кейін қарағандылық дәрігерлер лапароскопия әдісін кеңінен қолдана алады.

— Бұл әдіс өте қызық, бізге лапароскопиялық хирургияның жаңа көкжиегін көрсетеді. Қалай болғанда да, біз бұрын тоқ ішекке күрделі реконструктивті операцияларды ашық түрде жасадық. Енді бізде де лапароскопиялық технологиялар енгізіледі деп ойлаймын, — деді облыстық клиникалық аурухана директорының хирургия жөніндегі орынбасары Борис Цхай.

Өз тілшімізден

(Соңы. Басы 1-бетте)

— Кәсіпорындар ортасындағы аудан тұрғындары бұл мәселені көп жылдан бері көтеріп келеді. Заңсыз коқыс үйінділерінің жатқаны анау. Оған отыз жыл бойы арызданып әрең тазартудамыз. Ал, енді ауаның ластығынан балаларымыз сырақтанатынды шығарды. Осындағы кез келген бала аузын ашса, күйе басқан көмекейі көрінеді. Әуе де күйе. Ақ бұлт көрмеген аудан бұл, — дейді тұрғын Райан Баталова.

Көмір тиеген көліктер жақын маңдағы жолдармен жиі қатынайды. Қоймалар құнара ашық күйінде. Кент шетіндегі коқыс үйіндісі ондаған жылдар бойы жиналып қоқыстауға айналды. Өртүрлі себептермен көп жылдар бойы Қарағанды маңынан коқыс шығаруды жолға қою мүмкін болмаған. Әйтеуір не керек, Президентке хат жіберіп, о жақтан пәрмен келген соң ғана екі жыл бұрын түйіні тарқады. Ендігіше коқыс арнайы полигонға тасымалданады. Бірақ, отыз жыл бойы жерге сіңген, шіріген күлімсі иіс желемік тұрса болды, қолқаны қабады. Әлихан

Курьяновка күдер үзе ме, шідер үзе ме?

ауданы әкімдігінде рұқсат етілмеген коқыс үйіндісінен полигонға 13 мың текше метр коқыс шығарылды деген ақпарат алға тартты. Дегенмен, бар аумақты коккастан тазарту үшін бөлінген қаржыландыру жеткіліксіз болды.

— Қызым сабақтан келеді. Үстібасын жуындырып тазарту деген қияметке айналды. Шахтадан жана келген кенші құсап жүргені. Кәсіпорын қызметкерлері дала жолдарымен жүріңіздер деген өтінішімізге құлақ аспайды. Жок. Сүйінші сұрап келгендей, аудан орталығындағы күре жолдармен өтеді, — дейді тұрғын Евгений Медведев.

Мұндағы елдің мәселесін Қарағанды облысы бойынша экология департаменті басшылығының назарына жеткізгеніміз сол еді, едел-жедел жауап алдық. Олар хабардар екен. Тексеру амалдарын да жүргізіп үлгерген.

— Өндіріс компанияларының қызмет түріне қарай қоршаған ортаға зиянды қалдықтар



ды шығаратыны жасырын емес. Яғни, технологиялық жабдықтың жұмысынан, көмір қоймасынан таралған шаң-тозаң былайғы жұрттың денсаулығына залал кел-

тіруде. Кәсіпорын қызметкерлері шаң басатын технологияларды қолдану қажет. Тексеру барысында бұл амалдың атқарылмайтыны анықталды. Аталған кәсіпорындар

басшылығына заң бұзушылықты жою турасында нұсқау жолданды, — деді департамент басшысының орынбасары Дархан Исжанов.

Майшаммен қарар мәселелері

қордаланып қалған жұрт өздерін «тамұқта қалған таңдаулылардай» сезінеді. Үміттен күдік басым. Шыдамның да шегі бар. Зілмауыр техника әрі-бері қойма кезумен жол атаулысының түгін қалдырмаған. Жұртшылықтың мұндағы жүдеу тірлігіне көз жүгіртсеңіз, көңіліңіз қоса жүдейді. Іштей жол іздеген курьяновтықтар «бұл арадан шұғыл көшу керек» деген ойдың жетегінде жүргендей. Уәдесі көп, жылуы жоқ жергілікті құзыретті мекемелерде де қылар қайран кем. «Былай тартсаң арба сынады, былай тартсаң өгіз өледінін» кері. Содан еріксіз, көз-жұмбайлық қылмақ.

Ол аздай балалар мектепке барар жолдағы көпір қираған күйі тұр. Жұрт көпірді қолдан жасап алған көрінеді. Жергілікті әкімдік бұл араға футбол мен балалар алаңын салған. Көңіл жұбататыны — осы. Ал, енді түнде жарығы, күндіз жолы жоқ бұл ықшама аудан — баяғы бөз қалпында...

● ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ЕСЕБІ ҚАРСАҢЫНДА

Агроөнеркәсіптік кешен Қарағанды облысының экономикасын дамытудағы маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Оның үлесіне жалпы өңірлік өнім көлемінің 3,6 пайызы тиесілі. Облыстың агроөнеркәсіп кешені саласының барлық қызметі тек өңірдің ғана емес, жалпы еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған. Сәйкесінше, біздің басты міндетіміз – өндіріс көлемін ұлғайту арқылы азық-түлік тауарлары бойынша өзін-өзі қамтамасыз ету деңгейін арттыру.

2022 жылдың қорытындысы бойынша ауыл шаруашылығының жалпы өнімін өндіру көлемі өсуінің оң серпіні сақталып, 468,6 млрд. теңгені құрады. Бұл өткен жылғы көрсеткіштен 114,6 млрд. теңгеге артық (2021 ж. – 354 млрд. теңге), нақты көлем индексі 101,8%, оның ішінде, мал шаруашылығы саласы бойынша – 230,8 млрд. теңгені, НКІ–101,3% (2021 ж. – 217,7 млрд. теңге, Ұлытау облысымен қосқанда НКІ – 103,7%), өсімдік шаруашылығы саласы бойынша – 237,4 млрд. теңгені, НКІ – 102,3% (2021 ж. – 191 млрд. теңге, НКІ – 99,5%) құрады.

Өсімдік шаруашылығы саласын дамыту аясында 2022 жылы жаздық егіс алқабы 48 мың гектарға ұлғайтылып, 1 млн. 62 мың гектарды құраса, дәнді дақылдар алқабы 22 мың гектарға ұлғайып, 932 мың гектарды құрады, оның ішінде бидай – 9 мың гектарға ұлғайды.

Сонымен қоса, картоп алқабы 357 гектарға ұлғайып, 11 507 гектарды құрады. Жаз айларындағы қолайсыз ауа райына қарамастан қарқынды технологияларды қолдану арқасында дәнді дақылдардың сапалы өнімі алынды. 886 мың тоннадан астам бастырылған жоғары сапалы астықтың 600 мың тоннадан астамы 1-ші және 2-ші сұрыпты бидайды құрап отыр.

Минералды тынайтқыштарды қолданатын егіс алқаптары 100 мың гектарға ұлғайтылып, олардың үлес салмағы барлық егіс



алқаптарының 30%-нан 42%-ына дейін ұлғайды (2021 жылы 286 мың гектардан 2022 жылы 385 мың гектарға дейін).

Ауыл шаруашылығы дақылдарының жоғары сапалы тұқымы себілген егіс алқабының да үлесі 92%-дан 94%-ға дейін ұлғайды (2021 жылы 866 мың гектардан 2022 жылы 897 мың гектарға дейін).

Ауыл шаруашылығы құрылымдарымен 363 мың тонна картоп-көкөніс өнімдері (картоп – 297 мың тонна, көкөніс – 66 мың тонна) жиналды. Бұл 2021 жылмен салыстырғанда 30 мың тоннаға артық.

Картоп-көкөніс өнімдерін өндіру көлемінің артуына, суармалы жерлер алқабының 3,4 мың гектарға (26,3 мың гектарға дейін) ұлғаюы зор үлесін қосты.

Облыс бойынша өндірілген өнімді сақтауға қажетті, жалпы сыйымдылығы 286 мың тоннаны құрайтын картоп-көкөніс қоймалары бар болса, оның сыйымдылығы 142 мың тоннаны құрайтын 35 қоймасы заманауи климаттық бақылау жабдықтарымен жабдықталған. Оның ішінде, жалпы сыйымдылығы 12,4 мың тоннаны құрайтын 3 картоп сақтау қоймасы 2022 жылы пайдалануға берілді.

Мал шаруашылығы саласы да қарқынды дамуда. Мал шаруашылығы жануарларының саны және мал шаруашылығының өнім өндіру көлемі тұрақты өсуде.

Жыл қорытындысы бойынша сүт өндіру көлемі 2021 жылмен салыстырғанда 3,2%-ға өсіп, 426,3 мың тоннаны (2021 жылы – 413,2 мың тонна), жұмыртқа 3,9%-ға

өсіп, 652,3 млн. дананы құрады (2021 жылы – 627,6 млн. дана). Ет өндіру көрсеткіші 2021 жылғы деңгей көлемінде, 121,3 мың тоннаны құрап отыр (2021 жылы – 121,2 мың тонна).

Бұл көрсеткіш негізінен мал басын, оның ішінде, ІҚМ басын – 4,3%-ға (477,8 мың бас), жылқы – 11,3%-ға (317 мың бас), қой-ешкі санын – 6%-ға (738,5 мың бас), құс санын 15,1%-ға (3602,9 мың бас) арттыру арқылы қамтамасыз етілді.

Мал басы мен олардың өнімділігін арттыру мақсатында жыл сайын мал азығы дақылдары алқаптарын ұлғайту бойынша жұмыстар жүргізілуде. Соңғы 5 жылда мал азығы дақылдарының алқабы екі еседен астам көлемге (36,2 мың гектардан 79,2 мың гектарға дейін) ұлғайтылған. Бұл ауыспалы егісте мал азығы дақылдарының үлесінің артуына ықпал етті. Осы бағытта жұмыс жалғасатын болады.

Төрт түлік мал басының қыстан қолайлы шығуын қамтамасыз ету үшін 2022 жылы облыс бойынша қажетті 1 млн. 750 мың тонна шөп және жеткілікті көлемде сүрлем мен жем дайындалды.

Ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу басым бағыттардың бірі болып қала бермек.

Өткен жылы азық-түлік өндіру көрсеткіші 2021 жылмен салыстырғанда 20,5 млрд. теңгеге артып, 161,3 млрд. теңгені құрады (2021 ж. – 140,8 млрд. теңге).

Салада қайта өңдеу кәсіпорындарының жүктеме деңгейін арттыру арқылы импортты алмастыру бойынша шараларды жүзеге асыру жұмыстарына басты назар аударылуда. Өндірілген өнім көлемін ұлғайту мақсатында май, сүт, макарон өнімдерін және үн мен мал азығын өндіру кәсіпорындарын жаңғырту және жаңадан құру жұмыстары жүзеге асырылуда.

Жалпы, аталған шаралардың барлығы тұрғындардың азық-түлік тауарларымен қамтамасыз етілу деңгейін арттыруға, экспорт-

тық әлеуетті ұлғайтуға және импортқа тәуелділікті төмендетуге ықпал ететін болады.

Сонымен бірге, ауыл шаруашылығы саласын одан әрі дамыту бағытындағы маңызды мәселелерінің бірі, ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспортын, оның ішінде, экспортқа шығарылатын, қайта өңделген өнімдер көлемін ұлғайту болып табылады.

2022 жылы 159 мың тонна ауыл шаруашылығы өнімі экспортталды. Бұл 2021 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 13,6 мың тоннаға немесе 9,4%-ға артық. Оның ішінде экспортталған өңделген өнім көлемі, өткен жылғы деңгейден 16 мың тоннаға немесе 15%-ға артып, 124 мың тоннаны құрап отыр. Экспортталған өнім ішінде, астық ұны (74,6 мың тонна), маргарин (12,9 мың тонна), бидай мен меслин (11,2 мың тонна), макарон өнімдерінің (4,5 мың тонна) және жұмыртқаның (1,6 мың тонна) үлес салмағы үлкен.

Бүгінгі таңда Қарағанды облысының агроөнеркәсіп кешені – инвестиция тарту үшін жаңа мүмкіндіктер мен үлкен әлеуеттік маңызы бар сала. Өңіріміздің орналасқан жері – бизнесті жүргізуге қолайлы, инвесторлар құқығын қорғау және инвестиция тартуды ынталандыруға мүмкіндігі бар стратегиялық маңызды орта.

2022 жылы агроөнеркәсіп кешеніне тартылған инвестиция көлемі 30,3 млрд. теңгені құрады. Оның ішінде, ауыл шаруашылығына – 28,4 млрд. теңге және азық-түлік өндірісіне – 2 млрд. теңге.

Жалпы, ауыл шаруашылығына инвестиция тарту, ауыл экономикасын дамытудағы басты мәселелердің бірі болып табылады. 2022 жылы жалпы құны 19,4 млрд. теңгені құрайтын, 502 жұмыс орнын құрумен 31 инвестициялық жоба іске қосылды. Оның ішінде, ірілері:

– «Майқұдық жұмыртқасы» ЖШС-нің 2,5 млрд. теңгені құрайтын, 40 жұмыс орны құрылатын «Майқұдық құс фабрикасы» ЖШС-нің өндірістік қызметін қалпына келтіру» жобасын;

– «Сарыбел – Нан» ЖШС-нің 2,1 млрд. теңге көлемін құрайтын, 100 жұмыс орнын құрумен «Сыйымдылығы 36 мың тонналық астық сақтау қоймасын салу» жобасын;

– «Нәтиже тәтті» ЖШС-нің 1,2 млрд. теңге сомасына, 35 жұмыс орнын құрумен қуаттылығы жылына 14 мың тонналық «Кондитерлік өнім өндіру зауытын құру» жобасы;

– «Баймырза Агро» ЖШС-нің жалпы сомасы 1 млрд. теңгені құрайтын 35 жұмыс орнын құрумен сыйымдылығы 3000 тонналық «Картоп сақтау қоймасын салу» және 350 га алқапта «Суармалы жерлерді қалпына келтіру» жобасын;

– «Жабяк В и К» ЖШС-нің 918 млн. теңге сомасына «Қуаттылығы 1,8 млн. текше метр суға арналған жасанды су қоймасын салу» жобасы;

– «Шерубай Су» ЖШС-нің, 600 млн. теңгені құрайтын, 10 жұмыс орнын құрумен сыйымдылығы 6600 тонналық «Картоп сақтау қоймасын салу» жобасын атап өтуге болады.

Инвестициялық жобаларды жүзеге асыру есебінен үстіміздегі жылы өндірілетін құс еті көлемі қосымша 1 мың тоннаға, жұмыртқа – 145 млн. данаға, ет өнімдері 300 тоннаға ұлғаяды деп күтілуде. Сонымен қатар, картоп-көкөніс және мал азығы дақылдарының өнім көлемі артады.

Ауыл шаруашылығы бизнесінің дамуын ынталандыру мақсатында субсидия және жеңілдетілген несие беру арқылы мемлекеттік қолдау қарастырылған.

2022 жылы облыстың ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілеріне 27,3 млрд. теңге субсидия төленді. Бұл алдыңғы жылмен салыстырғанда 7,1 млрд. теңгеге артық (20,2 млрд. теңге).

Сонымен қоса, «Бөйтерек» холдингінің даму институттары арқылы 1 мыңнан астам шаруашылық құрылымдарына 25 млрд. теңгеге жеңілдетілген несие берілді. Бұл сома 2021 жылмен салыстырғанда 1,5 есеге көп.

Президент өз Жолдауында азық-түлік нарығына баса назар аударды.

Жыл сайын күзгі ауыл шаруашылық жұмыстары аяқталғаннан соң ауыл еңбеккерлері алынған өнімді дәстүрлі күзгі жәрмеңкелерге шығарып, қала тұрғындарына қолжетімді төмендетілген бағамен ұсынады.

Жалпы, 2022 жылы сала бойынша даму көрсеткіштеріне қол жеткізуге, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің үйлесімді жұмысы, уақыттылы көрсетілген мемлекеттік қолдау шаралары және агроөнеркәсіп кешенінде жүзеге асырылған инвестициялық жобалар өз ықпалын тигізді.

2023 жылы ауыл шаруашылығы өнімін өндіру көлемі мен оның сапасын арттыру арқылы азық-түлік қауіпсіздігін нығайту бойынша жұмыс жалғастырылады.

Агроөнеркәсіп кешенін дамытудың Ұлттық жобасында белгіленген іс-шаралар жүзеге асырылады. Оның ішінде, Мемлекет басыпсының ауыл тұрғындарының табысын арттыру бойынша тапсырмасын іске асыру шеңберінде жылғы жылы іске қосылатын Жамбыл облысының тәжірибесі бар.

Аталған ауыл тұрғындарының табысын арттыру бойынша жобаны жаппай жүзеге асыру мақсатында биылғы жылға облысымызға республикалық бюджеттен 2,4 млрд. теңге бөлініп отыр.

Қазіргі уақытта облыс өңірлерінде пилоттық ауылдық округтерді анықтау бойынша скрининг жүргізілуде.

Белгіленген кешенді шараларды орындауға облысымызда толық мүмкіндіктер бар. Ол үшін жер ресурстары, инновациялық технология, аграрлық ғылымның жетістіктерін және мемлекеттік қолдау шаралары пайдаланылатын болады.

Асқар САНАУБАРОВ,
Қарағанды облысының ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы

Міндет – халық денсаулығын сақтау

Қарағанды облысында 1 млн. 134,4 мың адам тұрады. Ауылдық жерлерде халық аз шоғырланған. Бұл халыққа медициналық көмек көрсетуге айтарлықтай әсер етеді. Есептеу бойынша бір шаршы шақырымға 1,3 адамнан келеді.

Өткен жылдың 11 айында облыста туберкулезден болатын өлім-жітім 21,7%-ға (100 мың тұрғынға 1,8), қатерлі ісіктерден болатын өлім-жітім 10,5%-ға (100 мың тұрғынға 68,4-ке дейін), қан айналымы жүйесінің аурулары себебінен болатын өлім-жітім 16,7%-ға (100 мың тұрғынға 293,3-ке дейін) төмендеді.

Инфрақұрылымға қан жүгіреді

Облыста медициналық көмек көрсететін 139 мекеме бар. Оның ішінде – 44 стационар, 89 амбулаториялық емхана ұйымы, алты басқа да медициналық ұйым. 36 медициналық ұйым алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсетеді. Оның 16-сы мемлекеттік, 20-сы жекеменшік. Ауылдық жерлерде жеті орталық аудандық аурухана жұмыс істейді. Олардың құрамына төрт ауылдық аурухана, 60 дәрігерлік амбулатория, 47 фельдшерлік-акушерлік пункт, 142 медициналық ұйым кіреді. Барлығы 7 099 стационарлық төсек орны бар. Оның 5 792-сі мемлекеттік секторда (77,4%) және 1 307-сі мемлекеттік емес секторда. Денсаулық сақтау объектілерінің басым бөлігі тозған. Оның 70%-ы 1960-1980 жылдары салынған. Қазір жергілікті бюджет есебінен 14 млрд. теңгеден астам сомаға 59 нысанды жөндеу жоспарланған.

Соңғы төрт жылда 12 млрд. теңгеге 116-дан астам нысан (оның ішінде Ұлытау облысының объектілері де бар) жөнделді. Сондай-ақ, алдағы үш жылда медициналық техника паркін 18 млрд. теңгеден астам сома болатын 995 бірлікке жаңарту жоспарланған. Бұл негізінен медициналық көліктер.

Соңғы үш жылда материалдық-техникалық жағдайды жақсарту үшін жергілікті бюджеттен 12 млрд. теңгеден астам қаражат бөлініп, 5 млрд. теңгеден астам жеке инвестиция тартылды.

Бұл жабдықталуды 8,1%-ға (2022 ж. – 87,1%) ұлғайтуға, медициналық техника паркінің тозу деңгейін 51%-дан 45%-ға дейін төмендетуге мүмкіндік берді.

Алдағы үш жылда барлық медициналық жабдықтар паркін 100% жаңартуды және күрделі жөндеу жүргізуді талап ететін, ҚАЖК берілген объектілерді ескере отырып, 21 млрд. теңгеден астам сомаға медициналық жабдықты жаңарту жоспарлануда.

Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік денсаулық сақтау инфрақұрылымына инвестицияларды ұлғайту әлеуетіне ие. Соңғы 10 жылда облыста 13 млрд. теңгеге 50 МЖӨ шарты жасалды.

Дегенмен, мемлекеттік-жекеменшік әріптестікті дамытуға болатын бірқатар басқа бағыттар бар. Мысалы, клиникалық практикамен байланысты және байланысты емес қызметтерді ұсыну, денсаулық сақтау ресурстарын бөлуге және әртүрлі медициналық жабдықтарды жалға алуға байла-



нысты жобалар.

Жаңа нысандар сапаны арттырады

200 орындық облыстық көпбейінді балалар ауруханасының құрылысын (8 млрд. теңге) осы жылдың наурыз айында аяқтау жоспарланған. Мұнда ерте араласу орталығы бар катамнез кабинеті де орналасады.

Жергілікті бюджет қаражаты есебінен жүргізіліп жатқан облыстық онкологиялық диспансердің операциялық-реанимациялық блогының қосымша құрылысы аяқталуға жақын. Онкодиспансерді жарақатандыру бойынша біздің ұсыныстарымыз елдің онкологиялық қызметін дамыту жөніндегі кешенді жоспарға енгізілді.

Құрылыс материалдарының қымбаттауына байланысты ПЭТ/КТ корпусының құрылысы мен желілік үдеткіш үшін, сондай-ақ, Қарағанды қаласының №1 көпсалалы ауруханасының қабылдау-диагностикалық бөлімшесінің құрылысының жобалау-сметалық құжаттамасына түзетулер жасалуда. Сонымен қатар, биыл барлық жеті орталық аудандық ауруханаларға күрделі жөндеу жұмыстары аяқталады. Жалпы айтқанда биыл денсаулық сақтау жүйесінің

инфрақұрылымын жақсарту бойынша бірқатар жоспарлар айқындалды.

Ауыл медицинасына назар ерек

Биыл «Ауыл – Ел бесігі» бағдарламасы аясында алты ФАП құрылысы аяқталады. Жаңартуды талап ететін 92 ауылдық елді мекендегі нысан «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасына енді. Аталған нысандарды 11 дәрігерлік амбулатория, 34 ФАП және 47 медициналық пунктпен байланыстыру үшін жергілікті бюджеттен 608 млн. теңге бөлінетін болады.

Балқаш және Теміртау қалаларының ауруханалары базасында ауылдық аудандарға қызмет көрсету аймағын айқындап және «алтын уақыт» стандартын сақтай отырып, белгілі бір патологиясы бар пациенттерді, инсультпен, миокард инфарктімен, қарақаттармен, хирургиямен және орталық жатқызылатын науқастарды жеткізу үшін ауданаралық ауруханалар құрылады. Осы ауруханаларды күрделі жөндеуге жергілікті бюджеттен 865 млн. теңге бөлінді. Ангхио-графтарға жапсарлас құрылыстар салу үшін қосымша ЖСҚ әзірленуде, оларға 2 млрд. теңгеден астам қаражат бөлінетін болады.

Дәрігерге қолдау жан-жақты

Дәрігер тапшылығын шешуде келген мамандарды қызметтік тұрғын үймен қамтамасыз ету басты фактор болып табылады. Өңірлік бағдарлама аясында пайдаланылмайтын ғимараттарды және бұрынғы жатақханаларды қайта жаңартып, күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Тұрғын үй жиһазбен және тұрмыстық техникамен жабдықталатын болады.

Облыстық балалар ауруханасы жаңадан салынған ғимаратқа көшкеннен кейін ескі ғимарат 94 пәтерлік толық жабдықталған «Дәрігерлер үйіне» айналады.

Облыста кадрлық әлеуетті дамыту және нығайту бағдарламасы әзірленді. 2030 жылға дейін мамандықтар бойынша дәрігерлерді даярлау жоспары жасалды. Резидентурада мамандар даярлау жергілікті бюджет және медициналық кәсіпорындар есебінен жүзеге асырылады. Бұл мақсатта 66 мамандық оқыту үшін 165,6 млн. теңге бөлінген.

Соңғы үш жылда 204 жас дәрігер тұрғын үймен қамтамасыз етілді. Шахтинск, Саран, Балқаш, Приозерск, Теміртау қалаларының мамандары баспаналы ие болды. Келер жылы Қарағанды қаласында пайдаланылмайтын ғимараттарды қайта жаңартып, күрделі жөндеу жүргізілмек. Тұрғын үй жиһазбен және тұрмыстық техникамен жабдықталады.

Бұдан бөлек, былтыр «Дипломмен – ауылға!» бағдарламасы бойынша 59 дәрігерге тұрғын үй сатып алуға бюджеттік кредиттер берілді. 76 маман көтерме жәрдемақы алды. Соңғы жылдары келген және кеткен медицина қызметкерлерінің саны бойынша оң баланс байқалады.

Сонымен қатар, биыл қала, аудан әкімдерінің гранттары бөлінетін болады. Биыл 30-дан астам жас маман Түркия, Израиль, Германия және жақын шет елдерде біліктілігін арттырады деп жоспарланған. Балқаш және Теміртау қалаларының ауруханаларында 10 арнайы маман-релокант жұмысқа тартылды. Кадрлық проблемаларды шешу үшін биылдан бастап облыстың жетекші клиникаларында жұмыс істейтін арнайы мамандар үшін моноқалада және ауылда жү-

мыс кестесін айқындай отырып, 2/10 (ауылда 1 ай, моноқалада 1 ай жұмыс істейді) интеграцияланған келісімшарт енгізілетін болады. Біздің ахуалдық орталықтарымызда (8 ахуалдық орталық бар: онкологиялық қызмет, инфаркт, инсульт, травматология, желел жәрдем, босандыру, хирургия, ДСБ жанындағы облыстық ахуалдық орталық) осы жылдың ақпан айынан бастап, ауылға келген жас дәрігерлер үшін тәлімгерлік және оларды одан әрі жүргізу мақсатында құзыреттер ашылады.

Сондай-ақ, медицина қызметкерінің имиджін арттыру бойынша жұмыстар жүргізілуде. Осы шаралар дәрігерлердің тапшылығын жоюға және мамандардың жыл сайын тұрақты түрде келуін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Пациенттерді амбулаториялық-дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етудің ұлғаюы байқалады.

Халықтың дәрілік препараттарға қол жеткізуі үшін 29 әлеуметтік дәрiхана ашылды (5%-ға дейін арзан). Ауыл тұрғындары үшін жеті жылжымалы дәрiхана пунктi құн сайын кесте бойынша ауылдық округтерге барып тұрады.

Сондай-ақ, «Қазақстан халқына» қоғамдық қоры үлкен көмек көрсетті. Қор 17 пациентті 6 дәрілік препаратпен қамтамасыз етті. Оның ішінде, сирек орфандық аурулары бар 14 балаға 1,1 млрд. теңге көлемінде дәрі-дәрмек алып берді. Жергілікті бюджеттен жыл сайын орфандық аурулары бар пациенттерді дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету үшін 3 млрд. теңгеден астам қаражат бөлінеді.

Жалпы, болжап отырғанымыздай, қабылданып жатқан шаралар облыстың денсаулық сақтау жүйесін жақсартуға және жаңа сынақтарға дайын болуға мүмкіндік береді.

Қалдыбек ИСМАИЛОВ,
облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысы

● ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ЕСЕБІ ҚАРСАҢЫНДА

Бірінші кезекте – білім сапасы

Облысымыздың білім беру жүйесінің негізгі басымдықтары – оның сапасы мен қолжетімділігін қамтамасыз ету. Осыған байланысты бүгінгі таңда білім беруге жұмсалатын қаржы ең маңызды және келешегі зор инвестиция болып саналады.

Инфрақұрылымды дамыту бойынша жұмыс жалғасуда

Өткен жылы Қарағанды қаласының 11а ықшам ауданында жаңа мектеп жұмысын бастады, Теміртаудағы 12 мектеп ғимаратын қайта жөндеу жұмыстары аяқталды. Бұқар жырау мен Қарқаралы аудандарындағы апатты мектептердің орнына екі мектептің құрылысы басталды.

2025 жылға дейін облыста барлығы 22 жаңа мектеп салу жоспарланды, оның 18-і «Жайлы мектеп» жобасы бойынша салынады.

Жаңа оқу жылының басына 5,5 млрд. теңгеге 143 білім беру ұйымы жөндеуден өтті, оның ішінде 32 нысан күрделі жөндеуден өтті.

Мектепке дейінгі білім беруде балаларды екі жастан бастап қамтуға баса назар аударылады, өйткені, балалар кейінгі өмірде ғана түзетей түсетін дағдылар мен білімдердің едәуір бөлігін ерте жастан алады. Қазіргі уақытта балаларды балабақшамен қамту облысы бойынша 79,5% құрайды. Өткен жылы 2 мыңға жуық жаңа орын ашылды, оның ішінде 900 орын жеке инвестиция есебінен алынды.

Мектепке дейінгі ұйымдарда балалардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін мемлекеттік тапсырысты алу талаптарын күшейтетін жаңа Қағидалар енгізілді.

2023 жылы мыңға жуық жаңа орын ашу және АЕК түзету коэффициентін және жалақыны көтеруді ескере отырып, бір балаға шаққандағы жан басына шаққандағы қаржыландыру көлемін 41 718 теңгеден 46 189 теңгеге дейін арттыру жоспарлануда.

Мектепке дейінгі білім беру мазмұнында ауқымды өзгерістер бар. Әр баланың ерекшеліктеріне бағытталған және уақыт шектеулерін болдырмайтын оқытудың жаңа стандарты мен оқу жоспары енгізілді.

Мектепке дейінгі ұйымдар педагогтерінің тәжірибе алмасу және кәсіби өсуін арттыру мақсатында «Бірге оқимыз» жобасы жүзеге асырылуда. Балалар мен олардың ата-аналарына мемлекеттік тілді қолдау мақсатында «Алғашқы ұстаз – ата-ана» жобасы жүзеге асырылуда.

Сонымен қатар, облысымыз «Бір топқа – екі тәрбиеші» республикалық пилоттық жобасына қатысуда.

Ваучерлік механизмге көшуге дайындық және сыбайлас жемқорлық төзекелдерінің алдын алу мақсатында «Төлемге арналған электрондық шот-фактуралар» модулі енгізілуде.

Бұл ата-аналарға баланың мектепке дейінгі мекемеге нақты баруын ескере отырып, төлемге электронды шот-фактураларды алуға мүмкіндік береді.

Орта білім беруде білім сапасын арттыруға көңіл бөлінеді

4, 5-8 сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту деңгейін арттыру және халықаралық салыстырмалы зерттеулерге дайындау мақсатында қантар-сауір аралығында «Зейін», «Арақашықтық оқу BOOM», «Web-master», «IT-эксперт», «Болашақ инженерлер» оқу, жаратылыстану, математикалық, ақпараттық, қаржылық сауаттылық апталықтары өткізілді.

«Жас математик» сырттай оқу мектебінде бүгінде «Зерделі» ақыл-ой мектебінің арнайы жабдықталған студиясында онлайн режимінде білімін жетілдіретін 135 оқушы қашықтан білім алууда.

Облыста оқушыларды ҰБТ-ға тегін дайындау мақсатында екінші жыл «Тьютор» жобасы жүзеге асырылуда. Жобаға «Самғау академиясы» жеке даму орталығы бастамашы болды. Өткен жылы облыс бойынша 300 мектеп түлегі оқудан өтіп, оның 144-і (48%) білім гранты бойынша жоғары оқу орындарына түсті. 1 қыркүйектен бастап жобаға ауыл мектептерінің 5 мың түлегі мен әлеуметтік осал отбасылар мен балалар үйінің түлектері қамтылды.

Математиканы интерактивті оқыту жүйесінде оқыту мен жұмыс істеуге арналған «Digital matematika» пилоттық жобасын жүзеге асыру басталды. Жобаға облыстағы 30 мектеп, 100 мұғалім мен 2 мыңнан астам оқушы қатысуда.

Облысымыздағы мектеп оқушыларының олимпиадалық құрама командасының көрсеткіштері жақсарды. Олардың жетістіктерінің қоржыны 2021 жылы 42-ден өткен жылы 79 медальмен толықты.

Қытайда өткен ең беделді халықаралық химия олимпиадасында №1 «Білім инновация» лицейінің оқушысы Қасымалы Мадияр алтын медаль жеңіп алды.

«Ел үміті» жобасы аясында өткен ауыл мектептері оқушыларының «Мың бала» республикалық олимпиадасында 5-6 сыныптың 45 оқушысы жеңімпаз атанды.

Өңірлер арасындағы білім сапасының алшақтығын азайту мақсатында ауыл мектептері мен шағын қалалардағы мектептерді жаңғырту жұмыстары екінші жыл жүргізілуде. Өткен жылы 47 мектеп жаңартылса, биыл тағы 20 мектепті жаңғырту жоспарлануда.

«Оқу мектебі» жобасы аясында мектеп кітапханаларын жаңғыртуға 54 млн. теңге бөлінді. Бұл облыстың 49 кітапханаларын жаңғыртуға мүмкіндік берді.

Мектеп кітапханаларының кітап қоры жыл сайын толықтырылуда. 2022 жылдың өзінде 45 мыңнан астам көркем әдебиет сатып алынды.

51 пәндік кабинетке керек-жарақтар сатып алынды. Бұл ескірген кабинет-



тердің пайызын 56%-ға дейін төмендетуге мүмкіндік берді. Биыл тағы 76 кабинетке қажетті жабдықтар сатып алу жоспарлануда.

«Ауылдағы тірек мектептердің әлеуетін дамыту» жобасы аясында «Қазақстан халқына» қоғамдық қоры есебінен Ақтоғай ауданындағы К.Бәйсейітова атындағы орта мектептің материалдық-техникалық базасы жаңартылды.

Облыстың барлық мектептері кең жолақты интернетке қосылған. Қазір қала мектептерінде ғана емес, ауыл мектептерінде де интернет жылдамдығын 8 Мбит/с және одан жоғары арттыру жұмыстары жүргізілуде.

Оқушыларды әлеуметтік қолдау жұмыстары жалғасын табады

Бұл, ең алдымен, жалпыға бірдей білім беру қорына қаржы бөлу, ыстық тамақ пен көлікті ұйымдастыруға қатысты.

Жалпыға бірдей білім беру қорынан білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету ережелеріне өзгерістер енгізілді. Қазір материалдық көмек ата-аналардың есепшотына аударылады. Бұл оларға мектеп формасы мен кеңсе тауарларын өз бетінше сатып алуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, бір балаға берілетін сома 30 000 теңгеден 37 000 теңгеге дейін көтерілді. Әлеуметтік осал отбасылардан шыққан 11 мың бала көмек алды.

Үшінші жыл бойы барлық бастауыш сынып оқушылары тегін ыстық тамақпен қамтылды, бұл 71 мыңнан астам баланы құрайды. Әлеуметтік жағынан осал отбасылардан шыққан 11 242 оқушы жалпыға бірдей білім беру қоры есебінен тамақтанатын.

Мектеп асханаларының 70,9 % бейнебақылау камералары орнатылды, 153 мектепте немесе 37,4 % қолма-қол ақшасыз есеп айырысу енгізілді, 25 мектепте (Қарағанды – 13, Теміртау – 12) «Е-Асхана» жобасы жүзеге асырылды.

Барлық мектеп «Білімал. Электрондық мектеп» жүйесіне оқушылардың тамақтануын есепке алуды енгізді, «Дұрыс тамақтану» модулінде күн сайын тағамдардың бағасы мен фотолары бар мәзір орналастырылады.

Еліміздің мектеп автопаркін жаңарту жөніндегі республикалық жоба аясында лизингтік қаржыландыру арқылы

27 бірлік автобус сатып алу жұмыстары жүргізілді. «Индустрияны дамыту қоры» АҚ мен «HyundaiTransAuto» ЖШС және «QazTehna» ЖШС жеткізушілері арасында келісім-шарттар жасалды. Қазірдің өзінде 19 автобус сатып алынып, ауыл мектептеріне жіберілді.

Ерекше балаларға ерекше жағдай жасалады

«Арнаулы мектеп-интернаттарды жарақтандыру» қайырымдылық бағдарламасы аясында «Қазақстан халқына» қоғамдық қоры облыстағы арнайы мектеп-интернаттардың материалдық-техникалық базасын нығайту жұмыстарын бастады. Өткен жылы Шахтинск қаласындағы арнайы мектеп-интернаттың сынып бөлмелері жөнделіп, жабдықталса, биыл мектептің қасбетін және қоршауын күрделі жөндеуден өткізу жоспарлануда. Бұл бағыттағы жұмыстар облыстағы 9 арнайы мектеп-интернатта да жалғасын тапмақ.

Облыста бірінші аутизмге шалдыққан балаларды қолдау орталығы ашылды, Шахтинск қаласында алғашқы психологиялық-медициналық-педагогикалық комиссия, Қарағанды мектептерінде инклюзивті қолдау көрсетуге арналған 5 кабинет ашылды.

Облыс мектептерінде алғаш рет 167 ассистент лауазымы енгізілді, оның 55-і инклюзивті қолдау кабинеттерінде.

Арнайы білім беру қажеттіліктері бар үш мыңға жуық бала немесе 56% қосымша біліммен қамтылған.

Жаңа жылдан бастап ерекше қажеттіліктері бар балаларға түзеу көмегін көрсетуге мемлекеттік тапсырысты орналастыруға рұқсат беретін Білім министрлігінің бұйрығы күшінде. Бұл жеке ұйымдарды тарту арқылы балаларды түзету көмегімен қамтуды арттырады.

Балалар жылын жүзеге асыру аясында облыста қоғамдық негізде Бала құқықтары жөніндегі уәкіл лауазымы енгізілді. Оның міндеттеріне мемлекеттік және қоғамдық мекемелермен тығыз байланыста балалардың құқықтары мен заңды мүдделерінің кепілдіктерін қамтамасыз ету кіреді.

Білім беру үдерісіндегі басты тұлға – мұғалім

Білім сапасы онда жұмыс істейтін мұғалімдердің сапасынан жоғары болуы мүмкін емес.

Облыстың білім беру ұйымдарында 24 мыңнан астам педагог жұмыс істейді.

Жаңа жүйе бойынша 13 мыңнан астам мұғалім немесе 54,3% аттестациядан өтті.

4000-нан астам мұғалім біліктілігін арттыру курстарынан өтті, оның ішінде 2300 мұғалім – министрлік ұйымдастыратын пәндік құзыреттіліктерді арттыруға бағытталған курстардан өтті.

Мұғалімдерді корпоративтік баспа-намен қамтамасыз ету үшін Бұқар жырау ауданы Доскей ауылындағы көпқабатты тұрғын үй назарға алынып, жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Бұл үшін бюджеттен 150 миллион теңге бөлінді.

Өткен жылдан бастап білім беру ұй-

ымдарының директорларын ротациялау институты енгізілді. Қазірдің өзінде облыс бойынша 75 басшы ротацияланған.

Жұмысқа қабылдаудың ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында биыл Шахтинск қаласындағы білім беру ұйымдарының базасында мұғалімдерді жұмысқа қабылдаудың республикалық бірнұғай электронды жүйесі сынақтан өтеді.

Облыстағы барлық мектептер 5 күндік жұмысқа көшті. Сенбі – енді отбасы мен өзін-өзі дамытуға арналған демалыс күні.

Қосымша білім беру одан әрі дамиды

Бұл мемлекеттік тапсырысты (білім беру, спорттық, шығармашылық) орналастыру аясында шешіледі. 2022 жылы бұл мақсатқа 69 миллион теңгеге жуық қаражат бөлініп, 2 мыңнан астам баланы тегін оқумен қамтуға мүмкіндік туды. Сонымен қатар, Нұра ауданында 50 орындық балалар мен жасөспірімдер шығармашылығы орталығы өз жұмысын бастады. Нәтижесінде қосымша біліммен қамту 69,5%-дан 75,3%-ға дейін өсті.

Мектеп оқушыларын спортқа, оның ішінде бұқаралық спортқа тарту үшін 4 358-ден астам спорт секциялары жұмыс істейді, оларда 82 мыңнан астам балалар мен жасөспірімдер айналысады. Бұл жалпы студенттер құрамының 40%-ын құрайды.

Жоғары сынып оқушылары колледжде де білім алады

55 колледж бар, онда 31 мыңнан астам студент білім алады. Өткен жылы 10584 студент қабылданды, оның ішінде 7653 студент мемлекеттік тапсырыс бойынша.

Биылғы оқу жылының басынан бері облыста түзеу мекемелерінде жұмысшы біліктілігі бойынша оқыту жүргізілетін 2 колледж жұмыс істейді.

14 колледжде жоғары білікті кадрлар даярлау және түлектерді барынша жұмысқа орналастыруға жағдай жасау үшін «Жас маман» жобасы жүзеге асырылуда. Жоба аясында 14 құзырет орталығы құрылды. Орталықтардың ресурстары оқу процесінде, демонстрациялық емтихандарды өткізу үшін, WorldSkills бағдарламасына дайындық кезінде, сондай-ақ, коммерцияландыру жобаларын дайындауда пайдаланылады.

300 кәсіпорынның қатысуымен 42 колледжде «дуальды оқыту» енгізіліп, 6 мыңға жуық студент қамтылды.

Жыл сайын қол қойылған келісімшарттар мен ынтымақтастық туралы меморандумдар негізінде арнайы пән оқытушылары мен өндірістік оқыту шеберлері әлеуметтік серіктестік кәсіпорындарының базасында тағылымдамадан өтеді. Қазірдің өзінде 24 колледждің 295 оқытушысы кәсіпорындарда өндірістік тәжірибеден өтті.

32 колледжде патронажды жүзеге асыру үшін 61 кәсіпорын (кәсіподақ) арасында ынтымақтастық туралы меморандумдарға қол қойылды.

Республикалық «Талапкер» пилоттық жобасына облысымыздың екі колледжі енді. Жаңа оқу жылынан бастап мектептердің 10-11 сынып оқушылары пилоттық режимде бір уақытта мектепте де, колледжде де білім алу мүмкіндігіне ие болады.

Облыста білім беру жүйесін дамыту жұмыстары жалғасын табады.

Гүлсім ҚОЖАХМЕТОВА,
Қарағанды облысы білім басқармасының басшысы

(Соңы. Басы 1-бетте)

№44 негізгі орта мектебі қаланың Федоровка шағын ауданында орналасқан. 1947 жылы екі қабатты ғимарат болып салынған. Мектепте қазір 12 оқу кабинеті, 20 орынға арналған кішігірім асханасы бар. Спорт зал мен кітапхана мектеп жанында тұр. Құжат бойынша оқу ордасы 400 баланың білім алуына арналған. Бүгінде мұнда 1 мен 9-сынып аралығында 262 оқушы оқиды.

Қысқы демалыс кезінде аталған мектепте облыстық білім басқармасы, қалалық білім бөлімінің мамандарымен қоса, облыстық және қалалық мәслихат депутаттарының қатысуымен шұғыл жиын өтті. Белгілі болғандай, 9 қантардан бастап білім беру мекемесінің ұжымы мен ата-аналарға оқушылардың басқа мектепке көшірілетіні айтылды.

Қалалық білім бөлімі басшысының айтуынша, осы оқу жылында мектептің қабырғасы сөгіле бастаған. Шұғыл комиссия құрылып, ғимараттың жағдайы зерттелген. ІІІ тоқсан басталарда мектеп апатты деп танылды. Қазір мұнда от жағып, қар күрейтін жұмысшылар ғана қалды. Ал, 260 оқушы мен 50-ге жуық мұғалім №64 мектепке көшірілді. Олар аталған мектепте оқу жылының соңына дейін екінші ауысымда оқитын болды. «Одан кейінгі жағдай әзірге белгісіз», – дейді қалалық білім бөлімінің басшысы Есентай Өшім:

– №64 мектеп 600 балаға арналған. Қазір мұнда 381 оқушы оқып жатыр. Сондықтан, ондағы екінші ауысым мен ауысымдаралық мерзімге №44 мектептің балалары орналастырылды. Оқушылардың еш қиындықсыз білім алуына мүмкіндік жасалады. №44 мектеп сүрілетін болса, оның орнына жаңа 300

Апатты мектеп жабылды



орындық мектеп салынады деген жоспар бар, – деді ол.

– Біз №64 мектепке қысқы демалыс аралығында көштік. Мұғалімдер бөлмесін, оқушылар оқитын кабинетті, сабақ кестесін – барлығын ыңғайлап берді. Сағатымыз қысқарған жоқ. Мұғалімдер бұрын бекітілген оқу жүктемесі бойынша сабақ өткізіп жатыр,

– деді мұғалім Балжан Бауыржанқызы.

Мұғалімдер жаңа ғимарат салынғанша №44 негізгі орта мектептің статусы сақталып қалғанын қалайды. Оған қоса, оқу жүктемесіне алаңдаулы. Екі мектепте де оқушылар саны мен сынып саны аз. Апатты мектептің педагогикалық ұжымы мен ата-аналар қоғамдық кеңесі «жаңа оқу жылынан бастап

екі мектепті біріктіріп жібермей ме?» деп алаңдаулы.

– Біздің оқушылар бұрынғы құраммен өз мектебін бітіргенін қалар едік. Өз мұғалімдері оқытып, сынып жетекшілері ауыспағаны да дұрыс еді. Олар мектеп апатты болған соң, жаңа мектепке көшірілді. Балаларға жаңа ортаға үйренісу бірден оңай болмасы анық. Мектепке жаңа ғимарат салынса, біз қайтадан көшіп барғымыз келеді. Жергілікті жерде тұратын мұғалімдер аз, көпшілігі қаланың Оңтүстік-Шығысынан, Пришахтинскіден және Майқұдықтан келеді. Біз олар үшін де алаңдаймыз дейді, – №44 мектептің ұстаздары.

Мұндай өзгеріс жаңа мектепке ауысқан балаларға да өз әсерін тигізбей қоймады. Олардың үйірмелерге, спорттық секцияларға баратын уақыты бұрынғыдай емес, шектелді. Енді, оқушылардың қосымша білім алатын мүмкіндігі болмай қалуы мүмкін. Оқу жылының ортасында тобы мен жаттықтырушысын барлығы бірдей ыңғайлы уақытта ауыстыра алмайды.

Тек бұл ғана емес, балалар үшін жаңа мектепке барар жолдың бағыты да өзгергені белгілі. №44 мектеп оқушылары сол манайда тұрады. Теміржол бойындағы үйлерде тұратындары да бар. Сабаққа бару үшін күн сайын 2 шақырым жаяу жүруге тура келді. Көшелерде автобустар да жүрмейді, жарық беретін шамдар орнатылмаған. Көше бойын төбеттер кезіп жүреді. Қазір №64 мектепке дейін бару үшін аялдамаға жетіп, авто-

бусқа отыру қажет. Екінші ауысымда оқитын оқушылардың соңғы сабағы кеш (19:30-да) бітеді. Қайтар жолға кем дегенде бір сағат уақытын жұмсайды. Аязы күшейген кешкілік уақытта баласының үйге қалай қайта-тыны ата-анаға уайым болып тұр.

Бұл мәселені шешу үшін қалалық білім бөлімі қаладағы №3 автопарк басшылығымен келісімге келіпті. №44 мектептің оқушыларын оқу жылының соңына дейін №1 және №5 автобустары тегін тасымалдайтын болыпты.

2023 жылы №44 мектептің ғимаратын сүру жұмыстары басталады. Апатты мектептің орнына жанасын салу үшін жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеуге инвестициялық жоба дайындалады.

– Техникалық тексеру жұмыстары өте ұзақ жүргізілді. Сондықтан да, оқу жылының ортасында осындай шешім қабылдауға тура келді. Ең бастысы, оқушылар мен мұғалімдер қауіпсіз жерге көшірілді. Құрылысты бастау үшін алдымен ескі ғимаратты сүру қажет. Жаңа ғимаратты салуға жақын жерде бос орын да жоқ. Жаңасын салу үшін ғимаратты бұзып, құрылыс орнын тазартып, өз есебінен дайындайтын мердігерді табу керек. Егер ондай жағдай болмаса, ғимаратты сүру үшін бюджеттен ақша қарастырылуы қажет. Мектеп құрылысы апатты деп танылуына басымдық беріп, бюджеттен тез арада қаражат бөлінуі тиіс. Мұның өзі 2-3 жылға созылуы мүмкін, – дейді қалалық мәслихаттың депутаты Тимур Нұрғожин.

Депутаттар бұл жағдайды бақылауда ұстайтынын айтып, ата-аналар шағмына жауап қатуға, екі мектептің жұмысын жеңілдетуде көмектесетінін айтты.

Суретті түсірген
Александр МАРЧЕНКО



● БҰҚАР ЖЫРАУ ҚАЛҚАМАНҰЛЫНЫҢ ТУҒАНЫНА – 355 ЖЫЛ

Абылай ханның ақылшысы

Бұқар жырау Қалқаманұлы (1668-1781) – қазақтың ұлы жырауы, XVIII ғасырдағы жоңғар басқыншыларына қарсы қазақтың азаттық соғысын бастаушысы әрі ұйымдастырушысы, атақты Абылай ханның ақылшысы. Шыққан тегі – Орта жүз, Арғын тайпасының қаржас руынан. Жыраудың әкесі Қалқаман батыр – Тәуке ханның 90 мың қолын басқарған атақты қолбасшы Ақшаның (Бөгенбайдың әкесі) сарбазы. Ол жеке басының ерлігімен көзге түскен айтулы батыр. Сүйегі Павлодардан 90 шақырым жерде, бүгінде батырдың атымен жергілікті халық атап кеткен Қалқаман ауылының жанында.

Зерттеуші Қайым Мұхамедханов «Бұқар жырау» атты мақаласында Үмбетей жыраудың жоқтауын негіздеп, Бұқарды «...Жиделібайсын жерінде, Бұқар қаласының маңындағы Елібай деген елде дүниеге келді» деп дәлелдейді. Бұқар жерінде туған балаға Бұқар есімін беріпті. Екінші бір дерек: Бұқар медресесінде Қожабергеннен дәріс алып жүрген жас баласына Қалқаман Өнет бабадан (кейбіреулер Ақша батыр дейді) бата сұрайды. Сонда Өнет баба қолын жайып былай деген екен: «Есімің Бұқар болсын, Мінгенің тұлпар болсын. Дауысын сұңқар болсын, Ісіңе халқың інкәр болсын». Ш.Қуанғановтың айтуынша, «азан шақырып қойған аты бүгінде беймәлім болып кеткен, жырау тарихқа Бұқар деген атпен енген деседі». Осы Өнет баба – Тәуке хан заманында, қазақ арасында жаңа дәстүр, балаларын оқыту дәстүрі пайда болғанға ұқсайды. Тәуке хан 1710 жылы Қарақұмдағы үш жүздің басын қосқан жиында қазақ қолының бас сардарлығына, яғни ордабасы болуға Қожаберген батырдың ұсынысы бойынша жас батыр Бөгенбай Ақша ұлын сайлайды. Осы болған істі Бұқар жырау Қожабергенге арнаған «Ұстазым» деген жырында былай дейді: «Толыбай сыншы баласы, Үш жүздің бастап әскерін, Қазақтың болған ағасы. Қожаберген гәділ ер, Қадірін білген қалың ел. Бөгенбайдай батырға, Билігін берген ардагер» (Қуанғанов Ш. Бұқар жырау. А.,1992.7 – 10б.). Бұқар жыраудың өз кіндігінен Ақдербіс, Жарылғап, Жанға есімді балалары тарайды. Осы балалардан өрбіген ұрпақтардың көпшілігі бүгінде Қарағанды, Павлодар, Ақмола, Алматы облыстарында тұрады.

Халық еркіндігі мен бақыты үшін ақыл, қайратын сарп еткен қайраткерлердің жалпы бағыты бір-біріне ұқсас болғанымен, олардың атқарған істерінің орны мен салмағы әртүрлі. Бұл реттен алғанда, Бұқар жырау тұлғасы ұлылар тізбегінде оқшау, биік шыңдай елестейді. Осы жерде Ә.Марғұланның жалпы жырау атаулығы берген анықтамасын еске түсірейік. «Патриарх, ақын әрі халық мүддесін білдіруші жырау топ алдына өте сирек, аса қажет жағдайда ғана шығады. Халық қадір тұтқан ақсақал жыраудан жұрт толқпаған, халық дағдарған, бүліншілік шыққан немесе ел шетіне жау келген кездерде ғана кеңес сұрайтын болған. Мұндай реттерде жырау жұртшылықты абыржумауға шақырып, оларға дем беріп, істің немен тынатыны жайлы болжамдар айтып отырған», – деп жазған еді ғұлама. Осы мінездемелердің Бұқар жырауға толық келетіні күмән келтірмейді.

Ақын әрі шекіресі Мәшһүр Жүсіп: «Қаржас Қалқаман батырдың баласы Бұқар жырау деген қария болған екен. Заманындағы сын-

шылар ол кісіні «Көмекей әулие» дейді екен. Көмекей бүлкілдеп сөйлейді де отырады екен. Қарасөз жоқ, аузынан шыққан сөзінің бәрі жырлаумен шығады екен» дейді. Абылай хан бір жаққа аттанарда, жыраудан айдың, күннің сәтін сұрайтын, көрген түстерін жорытатын болған. (Р. Бердібай.). Ел аузындағы аңыз-әңгімелерге қарағанда, Бұқар жырау өз-Тәуке ханның тұсында да ордадағы беделді билердің бірі ретінде ел басқару ісіне араласқан. Үмбетей жырау «Өткіздің тоғыз ханды толғауменен» дегендей, Бұқар – өз-Тәукеден бастап, Қайып, Болат, Сәмеке, Әбілмәмбет, Күшік, Әбілқайыр, Барақ, Абылайлардың тұсында өмір сүрген. Бірақ осы тоғыздың ішінде жыраудың қадір-қасиетін білгендері – Тәуке хан мен Абылай хан. Тәуке ханның тұсында, М.Мағауиннің дәлелдегеніндей, жырау «Ордадағы белді би, батагөй ақсақалдардың бірі» болады. Ардақты ағалары – Қаздауысты Қазыбек пен Төле, Әйтеке сияқты даналар мектебінен өтіп, «Жеті жарғының» жасауға қатысады. Өз-Тәуке ханның сүйікті ұлы өліпті дейді бір әңгіме. Хан аза тұтып, бас көтермей, ас ішіпей жатып алыпты. Ұлы жүзден үйші Төле би, Орта жүзден Қаздауысты Қазыбек би, Кіші жүзден Қаражігіт би барып көңіл айтқан екен, өз-Тәуке жұбанбапты, қайғысы басылмапты. Сонда қаралы ханның көңілін дөлеппен, басын сүйеп ас ішкізуші Бұқар жырау болады. Бұқардың осы ретте айтылған жыры сақталған. «Ханымыз отыр аһ ұрып, Халқымыз отыр бас ұрып... Бұрынғы өткен бәрі өлді, Қарсы болма Аллаға. Төле, Қазыбек кісіміз. Жақсы, жаман кішіміз. Бұл сөзіме түсіңіз, Дөміңізді ішіңіз. Риза болсаң Құдайға, Түзелер сонда ісіңіз». Осы сөздердің өзінен-ақ, Бұқардың Тәуке алдында өтімді, беделді адам болғандығы аңғарылады. (М.Мағауин. Ғасырлар бедері. А.,1991.81-82б.). Оны Үмбетей жыраудың: «Көріктей басқан күпілдеп, көмекейін бүлкілдеп, сөйлер сөзден таймадың. Тәукенің болып жаршысы, халқының болып заршысы, белді бекем байладың» деген сөздері де айғақтай түседі.

XVII-XVIII ғасырлардағы Жоңғар агрессиясы, оның трагедиялық салдары халыққа аса ауыр соққы болды. Абылай ханның айтуы бойынша, XVIII ғасырдың бірінші жартысында, не бары қырық жыл ішінде халықтың үштен екісі Отан қорғау жолында шейт болып кетті. Қазақтарға тарих аренасынан мүлде жойылып кету қаупі төнді. Әбден қансырап, азып-тозған халық «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламаға» ұшырады. Осы кезде «Ақтабан шұбырындыға» ұшыраған елдің басын қосып, ата-жауға қарсы азаттық күресіне жұмылдыру – бар ғұмырын халқының бірлік-бүтіндігіне арнаған ұлы жыраудың басты мақсатына айналады. Оның сөздері



осы кезде еліне есті кеңес, батырларына жігер берген. Хан да, кара да, тарих көшінің бағдарын, шиеленген киынның шешімін Бұқардан күтеді. Халқының әулие данасы, данагөй бітімшісі, көреген болжаушысы санатына көтерілген Бұқар жыраудың осы тұстағы даңқын орта ғасырдағы оғыз жұртының әулиесі Қорқытпен, XIV ғасырдағы ноғайлы елінің данасы Сыпыра жыраумен салыстыруға болады. (А.Сейдімбек.)

Қалмақ басқыншылығы тұсында жырау шапыранды елдің басын біріктіріп, қанқұйлы жауға тойтарыс беретін басының қажеттігін түсіне білді. Ол Абылайға үлкен үміт артып, оның ел басқарудағы саясаты мен жорықтарын қолдады. Жырау Абылайдың әдеби бейнесін жасауға елеулі үлес қосты. Әсіресе, Абылай ханның көрегендігі мен даналығын, ауыр кезең, қиын сәттерде ел ұйтқысы бола білгенін асақ жырлайды: «Қайғысыз ұйқы ұйықтатқан, ханымы-ай, Қайырусыз жылқы бақтырған, ханым-ай. Үш жүзден үш кісіні құрбан қылсам, сонда қалалар мекен қайран жаның-ай!» Абылай хан туралы атақты тарихшы А.Левшин: «Абылай тәжірибелі, ақыл-айласы жағынан болсын, қол астындағы халқының саны, күші жағынан болсын, сондай-ақ, өзінің Ресей патшалығымен, Қытайдың Богда ханымен жүргізген тапқыр, шебер қатынастары жағынан болсын, өз тұсындағылардың бәрінен де басым еді. Ол ұстамды, досына мінімін мінезді, жауына қатал, қаһарлы кісі еді. Сондықтан, жұртты өзіне тарта, ерте білетін еді», – деп суреттейді. (Левшин А.Описание киргиз-кайсаких орд и степей. т. 1,264 б.)

Бұқар жырау толғауларындағы басты сарын – елдің бірлігі мен ынтымағын күшейту мәселесі. Ол жан-жақтан андыздаған жаулардан қорғану үшін басты шарт бірлік екенін терең түсінеді, ата жауға қарсы бірігіп, тізе қоса күрескен ерлерді өзгелерге үлгі етеді. «Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Қаздауысты Қазыбек, Шақшақұлы Жәнібек, Ормандай көп Орта жүз, содан шыққан төрт тірек. Тұғыр болған сол еді, Сіздей төре сұңқарға» деп, майдан даласында

көрсеткен ерлігімен бірге елдің ұйытқысы болып жүрген ерлерді мадақтайды. Бұқар жырау ерлік пен елдікті дәріптеп, барша қазақты Абылай ханның төңірегіне топтасуға шақырды. Елдің күрделі мәселелеріне шешім тауып, ақыл айта білді. Жырау зерттеуші М.Вяткиннің дерегі бойынша Абылай, оның сұлтандары және батырларымен бірігіп отырып, жоңғарлардан азат болу жоспарын жасауға қатысқан (Вяткин М. Батыр Сырым. М – Л., 1946, с. 112). Қалба, Үржар, Елек маңындағы қалмақтармен шайқастар кезіндегі хан кеңесіне қарт жыраудың қатысқаны мәлім. Тарихтан Бұқар бабаның Шақшақұлы Жәнібекке, Барақ сұлтанға, Қазыбек би мен Әбілмәмбет ханға жоңғарға қарсы күрес жолында араздықты қоюын талап етіп, бастарын біріктіргені белгілі. Қазақтың қолын басқарған Бөгенбай, Олжабай, Малайсары, Қабанбай, Баян, Наурызбай сияқты батырлардың бірлігін жарастырып, ерлігін мадақтаған жырауды Абылай хан ерекше құрмет тұтқан (Қозыбаев М.Тұлғалар тұғыры. А.,2009.108 б.).

Бұқар жырау ханның барлық іс-әрекет, ішкі-сыртқы саясатын түгелдей қостай бермеген. Үлкен мәні бар әлеуметтік мәселелер төңірегіндегі келелі кеңеске көнбеген тұста ол ханды аяусыз сынап, ащы шындықты бетке айтып отырады. Бұл тұста біз жыраудың көрші орыс елімен соғысуды ойлаған Абылайға тоқтау айтып, болашағы зор елмен, тату-дос болуға шақырғанын көреміз. Пугачевтың 1773-1775 жылдары орыс шаруалары қозғалысының көсемі болғанын жақсы білеміз. Е.Пугачев Магнитка қамалынан Абылайға екі рет хат жазып, әскермен көмек беруін сұрайды. Абылайға башқұрттар Опақ пен Шүкір Оразовтар келгеннен кейін хан батыл қимылға көшіп, үлкен отряд жинап Ново-Ишимск бекінісіне аттанады. Ново-Ишимск бекінісінің бірқатар қамалдарын Орта жүз қазақтарының талқандап кеткенін генерал Деколонттың П.Панинге 1775 жылғы қаңтардағы баяндауынан және Абылайдың Пугачевке Тройск қамалына жазған хатынан білеміз,

бұл хатта ол Ново-Ишимск шебінде қолға түскен тұтқындарды алуға рұқсат етуін сұрайды. Пугачев бұл өтінішті қанағаттандырады. (Қазақ ССР тарихы. 3 – т., 94 б.). Міне, осы сәтте жырау Абылайханға: «Өкпеңменен қабынба, өтіңменен жарылма. Орыспенен соғысып, жұртыңа жаулық сағынба» деп қазақ-орыс қарым-қатынасына жаңа бағыт сілтейді. Шығыс бүйірден шүйілген қытай-маньчжур саясатынан сақтану жолын еске салады жырау. «Егер шүршіт келмесін, егер шүршіт қаптаса, алып бір жейді ақтарып, көмулі көрден дененді», – деп қытай империясының экспансиясының түбі қатерлі екендігіне тоқталады. Басқыншыларға қарсы тұрудың қиындығын білгенімен де Бұқар жау бетіне айбар болар бірден-бір амал – ел бірлігі екендігін айтып, жұрттың ынтымақты, ауызбірлікті күшейтуі керектігін насихаттайды. Бұл, әрине, тек бір сәттік қана емес, ел ел болып тұрғанда қашан да маңызы бар мәнді мәселе еді. «Мұсылманның баласы, сірә, бір кеңес құрыңыз, бір ауызды болыңыз», – деген жолдардан Бұқардың заманның көкейтесті мәселелерін көтеріп отырған азамат ақын болғандығы көрінеді.

Халық «Өнер алды – қызыл тіл» десе, Бұқар – бұл мақалдың даналығын әбден ұғынған адам. Ол сөз өнерінің қиындығын да, құрметтілігін де білген. Сондықтан да жырау: «Ел бастау қиын емес – қонатын жерде көл табылады. Қол бастау қиын емес – шабатын жерден ел табылады. Шаршы топта сөз бастаудан қиынды көргенім жоқ», – дейді. Бірде: «Қазына қайда? – деген Абылай ханға, жырау: «Басы жеткен жігіттің екі езуі қазына: бір езуі – алтын, бір езуі – күміс, аузы – қазына», – депті. Бұқардың өзі осы қазынаны – сөз өнерін жеріне жете менгерген еді. Бұқар жырау шығармаларында ғасырлар бойы жиналып, ақыл-ой таразысынан өткен даналық қорытындысы, адамгершілік ереже-қағидасы іспетті нақыл-ғират сөздер мол. Мысалы: «Тар пейілді кеңімес, кең пейілді кемімес», «Ер жігітке жарасар, қолына алған найзасы. Би жігітке жарасар, халқына тиген пайдасы» (Айбын А.,2011.225 б.).

Бұқар жыраудың бізге жеткен мұрасы – 1300 жол ғана. Бұл сөз жоқ, жырау тудырған көл-көсір жырлардың бір бөлігі ғана. «Бұқарекен сөйлеген уақытында сөзі мұндай жүз есе, мың есе шығар. Бізге келіп жеткені тамыры ғана», – деп Мәшһүр Жүсіп айтқандай, бұл кісінің сөзін түгел жазамын деушіге Нұхтың өмірі, Аюобың сабыры, Аплатонның ақилы керек. Бұқар шығармашылығын саралаған М.Әуезов: «Жырау – заман сыншысы, сөйлесе – шешілмеген жұмбақ, түйіні шатасқан сөздерді ғана сөйлейді. Өзі тұрған заманның белгілеріне қарап, келешек заман не айтатынын болжайды. Сөзінің бәрі терең ой, терең мағынамен сөйлейді ... Не айтса да, көптің мұны мен қама, көптің жәйі туралы: не көпке арнаған ақыл, өсиет есебінде айтылады», – дейді.

Қазақ халқының біздің заманымызға жетуіне, талай тар жол, тайғақ кешуден өтуіне, оның мәдениеті мен әдебиеті, парасаты мен имандылығының дамуына зор үлес қосқан «Көмекей әулие» – Бұқар бабамен бүгінгі, келешек ұрпақтар мақтануы – тарихи заңды құбылыс.

Ерғазы ҚАДАШҰЛЫ,
тарихшы

Сурет
Еркебұлан ХАДЫЛБЕКТІКІ

● ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

«Тегін такси» – Балқашта да бар

Қалпақ пана болмас қаңтар айы келіп жеткелі Қарағанды мешіттерінде аязға байланысты түрлі шаралар ұйымдастырылып, қызметтер көрсетіле бастады. Соның бірі – «Тегін такси» қызметі Балқаш қаласында да жалғасты.

Нұрлос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»



Шағын шаһардың орталық мешітіндегі тегін такси қызметіне жүгінген Мейірман Рахымберлин шараны ұйымдастырушыларға ризашылығын білдіріп, намазға қатысқан жамағат үйлеріне тегін таксимен қайтып жатқандығын айтты. Қайырымдылық іске ниет еткен дін қызметкерлері мен ерікті жамағат үлес қосуда. Ауа райының қолайсыздығына байланысты жергілікті тұрғындар мен көшедегі жолаушыларға жәрдем көрсету мақсатында бірнеше ерікті тегін көлік қызметін атқаруға кірісіп те кеткен көрсетілді.

– Жалпы мұсылманның міндеті – әркез қамқорлық таныту, мейірман болу. Қазіргі таңда ұйымдастырылып отырған «Тегін такси» қайырымдылық акциясының да басты мақсаты – қала тұрғындарына көмек көрсетіп, ауа райының қолайсыз уақытында көл ұшын беру. Бұл қайырымдылық акциясы ары қарай да жалғасады. Барлықтарыңызды осы игі шараға үлес қосуға шақырамыз! – дейді Балқаш қаласының бас имамы Нұрболат Сейілханұлы.

БАЛҚАШ

Аяздағы адамгершілік

Соңғы аптада Қазақстанның көп бөлігінде болған қатты аяз Қарағандыны да айнала өтпеді. Қаланы қар қарсауынан тазалау үшін коммуналдық сала қызметкерлері мен жұмысшылар, басқа да тұрғындар да жұмылдырылды.

Соған байланысты Жастар ресурстық орталығы «VoliteQ» ұйымының волонтерлері ауа райының қолайсыздығына қарамастан үскірген аязда қала көшелері мен жолдарын қардан аршып жүрген жандарға ыстық шай мен тәтті тоқаштар таратты.

Ігілікті шараға волонтерлер Альбина Аюпова, Наиль Қазиев, Құндыз Мырзалиева, Нұрлыхан Төңірбердиев және осы жолдардың авторы белсене қатысты. Оны ұйымдастырып, өткізуге Қарағандының «Kurabie nature» халал печенье фабрикасы демеуші болды.

– Бұл шараға қатысудағы мақсатым қақаған қыста жұмыс істеп, қала тазалап жүрген адамдардың бойын жылытып, алғыс айту еді. Олардың қоғамдағы орны ерекше. Біз сияқты жастар үшін еңбекқорлықтың үлгісі. Сонымен бірге, қала тұрғындары да назардан тыс қалдырмауға тырыстық. Келешекте демеушілік пен қолдау артып жатса, қатарымыз да көбейіп, осындай игі істер жалғаса беретініне сенімдімін, – дейді волонтерлердің бірі Альбина Аюпова.

Еркеназ ХАНАТБЕК

● СПОРТ

Жекпе-жек мектебіне сұраныс көп

Қарағандыда ұлттық спортты жандандыру мақсатында жекпе-жек мектебі ашылды. Жаңа мектеп Сұрыптау шағын ауданында, Победа көшесі, 110 мекенжайында орналасқан. Қазіргі таңда мектепке жаттығуға 200-ге жуық жас жеткіншек тіркелген.

Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Ұлттық спорт түрлері бүгінде кең танымал. Спорт саласының ішіндегі осындай ерлікке бастар көкпар, аударыспақ, жекпе-жек сияқты ерекше спорт түрлерінің облысымызда қарқындап дамып жатқаны қуантады, – дейді «Жекпе-жек» ұлттық спорт фе-

дерациясының президенті Әділет Нұрмдиев.

Федерация президентінің сөзінше, балалар бұған дейін жергілікті жаттыққан. Қазір облыс басшылығының арқасында үй-жай бөлініп, бұқаралық спортқа назар аударылуда. Өтініш берген барлық



баланы бірдей қабылдауға әзірге зал тарлық етеді. Болашақта жекпе-жек спортының запын кеңейту ойда барын да айтты Әділет Нұрмдиев. Сонымен қатар, тоғызқұмалақ, садақ ату және басқа да спорт түрлері бойынша секциялар ашу да бар екен.

Қарағанды облысының «Жекпе-жек» ұлттық спорт федерациясы екі жыл бұрын құрылған. Өнірдің жас спортшылары жақсы нәтиже көрсетіп, елдегі ең мықты үштіктің қатарына кіріп те үлгерген. Өткен жылы облыстың жасөспірімдер командасы Қазақстан чемпионатында ІІІ орын алды. Ересектер командасы ІІ орынға не болды.

Құттықтаймыз!

Құрметті Рысбай ЗӨРУБАЙҰЛЫ!

Алланың сүйген құлына беретін нығметінің бірі ұзақ ғұмыр, мағыналы тірлік болса керек. Міне, соның үдесінен шығып 70 жасқа да қажымай-талмай жетіп, бәрімізді қуантып отырсың.

Құтты болсын алған асуың!

Өмір бақи адал еңбегіңмен өмір сүріп, бала-шаға өсіріп, ағайын-туғанына пана, әке орнына әке, аға орнына аға болып келесің.

Қазір зейнетке шығып, әдемі қарта-я білудің жарқын үлгісін көрсетіп жақындарыңның құрметіне бөленудесің.



Салмақты қалыбыңнан асып-таспай, Рысеке жеттің, міне, 70 жасқа. Жолың кіші болғанмен сыйың үлкен, Біз үшін сенің жөнің мүлде басқа.

Бүгінде бір әулеттің үлкені өзің, Ата мен әжелердің көрген көзін. Жұмагүл екеуіне тілектеспіз, Естуге шөберенің тәтті сөзің!

Өзіне зор денсаулық, бақытты ғұмыр тілеуші қайын жұртың Жәнібековтер әулеті атынан Ертай-Гүлмира. Ақсу-Аюлы, Шет ауданы.

№20

• КӨЛЕҢКЕЛІ БИЗНЕС

Заңсыз кәсіптің жолын кесті

Балқаш қаласының аумағында және Қарағанды-Екатеринбург тас жолының бойында Мемлекеттік кірістер органдарында тіркелмей жанар-жағармай материалдарын сатқан үш жанар-жағармай құю станциялар желісі анықталды. Бұл туралы Қарағанды облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің баспасөз қызметі хабарлады.



Заңсыз айналымда жүрген өндірілген жері белгісіз мұнай өнімдерінің жалпы көлемі 15 000 литр екен.

Бұл факт бойынша әкімшілік іс қозғалып, сотта қаралатын болады.

Өз тілшімізден

• ФОРУМ

Бүгінде Қарағандыда мыңға жуық NIS түлегі бар. Көпшілігі Қазақстанның, АҚШ-тың, Еуропа мен Азия елдерінің үздік оқу орындарында оқиды. Студенттер мақсатқа қалай жетуге болатыны жайлы айтып, тәжірибе бөлісті. Түлектердің алғашқы форумына NIS-тегі 60 қарағандылық жиналды.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»



• БӘРЕКЕЛДІ

Оқушылар олжалы оралды

Елімізде алғаш рет дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектептердің оқушылары арасында роботтар фестивалі өтті. Еліміздің әр өңірінен жиналған 200-ге жуық оқушы 44 командаға бөлініп, Сүлеймен Демирел университетінің базасында бақ сынасты. Қарағанды облысынан бірден бес команда қатысып, барлығы үздіктердің қатарынан бой көрсетті.

«Роботтарды жобалау» санатындағы Гран-при иегері Н.Нұрмақов атындағы ММЛИИ командасы болды. Жеңімпаздар Қазақстан ұлттық құрамасына қабылданып, халықаралық



• ТІЛ – ТҰҒЫР

Латын әліпбиіне көшу туралы шешім 2017 жылы шыққаны белгілі. Тіл мамандарының айтуынша, ол біздің әлемдік кеңістікке еркін қадам басуымызға ықпал етеді.

Қарап отырсаңыз, латын әліпбиіне ауысу ана тіліміздің болашағын ойлап, оның қолданыс аясын одан әрі кеңейте түсуге, мәртебесін көтеруге мүмкіндік жасау деп түсіну керек. Әйтпесе, әліпби ауыстыруға қарсылық танытқандар да болғаны анық. Әліпбиді ауыстыруға ең алдымен тілдік қажеттілік деп түсінуіміз керек. Бұл еліміздің болашағы үшін жасалған маңызды қадам. Бұл ба-стама жан-жақты ойластырылып, әбден пысықталып, жүзеге асырылды.

Дүние жүзінде бүкіл ақпараттың 70 пайызынан астамы латын әліпбиінде таратылады екен. Демек, біздің мемлекетіміз үшін латын алфавитіне көшудің пайдасы бар. Онымен қоса, латын әліпбиі түркі халықтарының да негізгі ортақ жазуына айналып келеді.



Айталық, қазіргі кезде 200 миллионға жуық түркітілдес ағайын бар десек, олардың 55,6 пайызы латын, 25 пайызы араб, 17,7 пайызы кирилл таңбасын, аз бөлігі өзге әліпбилерді қолданады екен.

Ғалымдардың айтуынша,

әлемде жеті жарым мыңға жуық тіл болса, осылардың жартысында жазу-сызу болса, олардың үштен бірінен астамы осы латын әліпбиінде көрінеді. Айта кетерлігі, латын әліпбиіндегі халықтардың саны үнемі көбею үстінде. Келесі

робот жасаушылар байқауына жолдама алды.

Н.Нұрмақов атындағы дарынды балаларға арналған облыстық мамандандырылған мектептің тағы бір командасы Инновациялық жобалар санатында бірінші орынды иеленді. Ақпараттық технологиялар ММЛИИ оқушылары бірінші және үшінші орын алса, «Мұрагер» ММЛИИ екінші орын иеленді.

Роботтар фестивалін «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы мен USTEM Robotics қоғамдық қоры ұйымдастырды. Жарыс FIRST халықаралық ережелері бойынша өтті.

Акерке БАЙБӘКІР,
Е.Бөкетов атындағы
Қарағанды университеті

Тіл сақталмай, ұлт сақталмайды

орында шамамен 20 пайызға жуық мөлшердегі қытай жазуы, одан кейінгі орында араб әліпбиі тұр. Әлемнің ең дамыған 20 елінің 18-і латын әліпбиінде. Жаңа технологиялардың, білім мен ғылымның 70 пайыздан астамы осы әліпбиде жасалады. Әлемдегі ақпараттың таралу көлемі де осындай мөлшерде.

Біз мектеп ұстазы ретінде бұл қадамның ертенінен үміттіміз. Әлемдік дамудың көшіне ілесу жолында латын әліпбиіне көшуді қолдаймыз әрі оны тілді терең дамытудың жаңа бір драйвері деп ұғамыз.

Әйгерім МАНАЕВА,
Б.Момышұлы атындағы
мектептің қазақ тілі мен
әдебиеті пәні мұғалімі
БАЛҚАШ

Еске алу

Балаларына ұлылықтың үлгісі болған, ел-жұртына сыйлы, ағайынға қадірлі, немерелеріне ақылшы ата, аяулы жар, асыл әкеміз **Алпысбай ХАМИТОВ**ТІҢ өмірден өткеніне 22 қантарда бір жыл толады. Әкеміздің аяулы бейнесін сағына еске ала отырып, жатқан жеріңіз жайлы, қабіріңіз Алланың нұрына тоқсын, жұмақта ақ төріңіз болсын дейміз.

Әкеміз Алпысбай Хамитов 1937 жылы Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданының Жамбыл ауылында туған. Қарағанды қаласындағы №26 орта мектепте оқып, 1963 жылы Қарағанды педагогикалық институтының физика-математика факультетін бітірді. Еңбек жолын МРО Крупская (қазіргі Т.Әубәкіров) атындағы №9 мектепте бастады. 1967 жылдан бастап 1-Май совхозындағы (қазіргі М.Мыраев атындағы) №12 орта мектепте физика, математика пәндерінен оқушыларға дәріс бере отырып, соңғы 19 жылда директордың оқу ісінің меңгерушісі қызметін атқарды. 1998 жылы зейнеткерлікке шыққан. Сол жылдардан бастап ауыл орталығындағы мешітте екінші имам болды.

Қазақ ССР-нің халық ағарту ісінің озық қызметкері значогімен марапатталған. Мектептегі құрмет тақтасына ілінді. Облыстық 4-ші съезге делегат болып қатысты. 1958-1963 жылдар аралығында «Буревестник» студенттер клубының құрамына еніп, еркін күрестен бірнеше рет аудандық, облыстық, республикалық жарыстардан жүлделі орын алып, институт намысын қорғаған.

1959 жылы еркін күрестен облыс чемпионы, 1960 жылы қалалық спартакиада біріншілігінде – спартакиада чемпионы, 1961 жылы студент жастар арасындағы күресте республика чемпионы болды, осы жылы Харьков қаласында өткен Бүкіл дүниежүзілік жарысқа қатысты. Еркін күрестен 5 разрядшы, шеберлікке кандидат болды. Институтты бітіргеннен кейін мектепте өз мамандығы бойынша сабақ бере жүріп, спорт инструкторы болып ауыл жастарын спортқа тәрбиеледі.

Әке сіздің жүрегіңіз дархан, пейіліңіз адал, ұстанымыңыз адал еңбек еді. Саналы ғұмырыңызды тек шынайы еңбекке арнап, оның жемісін көре білдіңіз.

Асыл әке, әрқашан еске аламыз, Сағыныш пен ойға да көп шомамыз Мейірімді жүзің мен күлкіңді, Жадымызда ұстаймыз, ұмытпаймыз.

Қамқор әке, суыққа шалындырмай мәпеледің, Ұрпағына өнеге-ақыл бердің. Жұмақтың төрінде бол, қадірлі әке, Қасиетіңмен қаласың мәңгі есімізде.

Сағына еске алушылар: жұбайы – **Тамара**, балалары – **Қайрат-Мақпал, Ержан-Гүлмира, Сәкен-Салтанат, Бекзат-Айжарқын, Дархан-Жанаргүл, Ерқанат-Мариям, немере-шөберелері.**

№19

Еске алу

Өткен өмір, кешегі күн – бүгінгі тарих. Қазақта өмір қамшының сабындай қысқа деген нақыл сөз бар. Сол қамшының сабындай қысқа ғұмырдың сырғып өтіп, бір күні таусылатыны баршамызға аян. Осы бір аққан өмір толқынының балалық шағында да, студенттік кезде де, орда бұзар отыз жастан кейінгі кезеңнің қай-қайсында болса да біз жанымызға дос жинай білдік. Өмірімізде талай достар кездесті. Бірақ солардың ішінде балалықтан қалған достың орны бөлек екен. Сондай бала кезден бірге өскен, Қарағанды қаласындағы №2 мектеп-интернатында бірге оқып, сол мектепті бірге аяқтаған досымыздың бірі – **Өрікбай Рамазанұлы ДӘРІБЕКОВ**.

Кеше ғана ел-жұртының ортасында жүрген жарқын досымыз Өрікбай Рамазанұлы 2022 жылдың 17 желтоқсаны күні 73 жасқа қараған шағында өмірден озды. Жарқын досымыздың өмір жолына үңілсек, ол кісі 1966 жылы Қарағанды қаласындағы №2 мектеп-интернатын аяқтағаннан кейін, Алматы политехникалық институтына оқуға түсіп, 1972 жылы «Электр инженері» мамандығы бойынша тәмамдап шықты. Өрікбай Рамазанұлының барлық еңбек жолы энергетикамен тығыз байланыста болды. Алғашқы еңбек жолын Шахтинск қаласындағы «Энергоугольде» мастер қызметінен бастайды. 1973 жылы «Тентек» шахтасының бас энергетик лауазымына тағайындалады. 1986-1989 жылдар аралығында «Тентек» шахтасының кәсіподақ комитетіне жетекшілік етеді. 1989-2000 жылдары «Северные сети» бас инженері қызметін атқарады, 2000 -2007 жылдар аралығында Шахтинск қаласының «Қарағанды жарық» мекемесін басқарды. Сол 2007 жылдан бастап, өмірінің соңына дейін ауыр науқаспен күресіп келді.

Көп жылдық еңбегі еленіп, «Алғыс хаттар», «Құрмет грамоталарымен» марапатталды. Өрікбай саналы ғұмырын, бар білімін энергетика саласына арнап келді.

Мына өмірден өткенде орны ойсырап қалатын адамдар болады. Сондай адамдардың бірі Өрікбай Рамазанұлы еді. Ол өзінің адами болмысымен, азаматтық тұлғасымен, жарқын мінезімен, терең білім-білігімен есте қалды.

Еске алушылар: **С.Ақылбай, Ғ.Мағзұмов, Қ.Бекшебаев, А.Нұрбеков, Б.Маңқаева, Б.Шайкенова, Т.Байсейітова, А.Үсембекова**

40 күн ас: 28 қантар 2023 ж. «Орбита» мейрамханасы, сағ.13.00

№4

ТОО «Кредитное товарищество «Бейбарыс» объявляет о продаже доли в УК 0,82 % участников КТ.

Участники Кредитного товарищества пользуются преимуществом перед третьими лицами, правом покупки доли или её части при её продаже кем-либо из участников. Обращаться по адресу: **г. Караганда, ул.Сатыбалдина, д. 29/2, офис №1, тел. 8 7212 397412.**

№5

«BetonLuxAst» ЖШС банкроттық басқарушысы бағалау бағасы бойынша ГАЗ 32213 195, 2007 ж. маркалы автокөлікті (қозғалтқышы жоқ, жабдыктар ішінара бөлшектелген) өткізеді. Тел.: 8-700-416-11-27. №22

Электрондық пошта:
ortalyk.kaz@mail.ru



Ғұлама ғұмыр ғибраты

(Соңы. Басы 1-бетте)

Фильмнің бір бөлігі Ақтоғай ауданы, Бегазы тауының баурайында, адамзат мәдениетінің ежелгі ошағы Бегазы тарихи ескерткіштерінде түсірілген. Түсірілім 15 күнге созылған. Осы маңайдағы Бегазы, Шабанбай би ауылының тұрғындары түсірілім тобын құшақ жая қарсы алып, бар көмегін берген. Кейбір ауыл тұрғындарына фильмге түсу мәртебесі де бұйырған.

Бегазы ауылының беткеұстар азаматы, ел ағасы, өлке тарихын бес саусақтай білетін Зәйт Зұбайрин Ә.Марғұланның бейітті қазуына қарсылық көрсеткен Шопан атаның ролін сомдапты. Жалпы, Шабанбай би ауылында 1979 жылы ашылған «Шалқар» халық театры бар. Осы атыраптағы актерлікке қабілеті барлар осында өнер көрсетіп, елдің алғысын алып жүр. Сондықтан да, киноға түсу ауыл адамдарына қиындық туғызған жоқ. Олар тарихи туындының осында түсірілгеніне өте қуанышты. Өйткені, көптеген фильм Алматы және басқа жақта түседі. Ал, Қарағанды облысы аумағындағы тарихи орындар мен табиғаты кез келген фильмді түсіруге ыңғайлы екенін атап өткен жөн.

— Өлекең осында 1956 жылы зерттеуге келгенде ауыл адамдары қарсы болған. «Әруақтарды мазаламандар, тыныштық беріңдер. Бейітті қазғанды қашан көрдіңдер?!» депті ауылдағы Шопан ата. Осы рольді ойнап шықтым. Кейін ғалыммен тіл табысып, тілеулес болып, көмек беремін. Жалпы, өзім бала күнімде Өлекеңді көргенмін. Екінші келуінде зираттың маңайын қоршатып, реттеп кетті. Сонда ауыл балаларымен қызықтап қарап тұрғанбыз. Сондықтан да, бұл фильм бала күнімді еске түсірді. Өте ыстық, — дейді Зәйт Сағидоллаұлы.



Ал, «Шалқар» халық театрының режиссері Мәулен Құлымжанов колхоз бастығы Асхат Әлібекұлының ролін ойнаса, мектептің аспазшысы Зинаш Әбдірахманова аштық кезеңіндегі ананың бейнесін сомдаған. Әлкейдің әнші досын осы ауылдың азаматы Нұржан Құлымжанов ойнаған. Ақтоғайда музей ашылғанда ауыл-ауылды аралап, жәдігерлерді жинаған азамат, белгілі суретші ақтоғайлық Аманкүл Мұсатайұлының образы да бар фильмде. Өлекең Ақтоғайға әр келгенінде мотоцикліне отырғызып алып, бүкіл тарихи орынды аралатып көрсеткен де осы Аманкүл Мұсатайұлы екен.

Тарихи туындыға түсіп, ауылдың мерейін тасытқан өнерпаздардың бәрін ауыл мектебінде драма үйірмесін

ашып, өнерге баулыған ұлағатты ұстаз Зия Елеубеков.

Телехикаяда Әлкей Марғұланның жастық шағын Темірлан Еркінғалиев, өмірінің кейінгі жылдарын Мұрат Ахманов сомдаған.

Фильм бірден баурайды. Екі тайпа арасындағы соғыс. Басқыншы тайпаның мергені тыныш жатқан рудың белді батырын садақпен атып өлтіреді. Сол садақтың сынағы қорымдағы бейіттен табылады. Осылай бұрынғы дәуір мен Әлкейдің заманы байланыстырылған.

Әлкейге Ақтоғайдағы тарихи ескерткіштер туралы Әлихан Бөкейханның айтқаны белгілі. Фильмде Олжабай батыр, Қаныш Сәтбаев, Мұхтар Әуезов, Мағжан Жұмабаев, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатов, Әбікен

Бектұров сынды алыптар бар.

Сондай-ақ, аштық кезеңі әсерлі баяндалады. Әлкей оқудан келіп, анасын таппайды. Бейітін қанша іздесе де таба алмайды. Қарағандыға барар жолда Қандыадырда қаза тапқанын естиді. Ленинградта жүргенде тұтқындалып, түрмеге жабылады. Соққыға жығылып, азап шегеді. Бірақ, бұл туралы жастар сұрағанда айтудан бас тартады. «Қайта

тусам, тек анама бас ню үшін ғана туар едім» дейді. Перзенттік махаббатын білдіріп үлгермегенін айтады.

«Қазақтарда мәдениет, білім-ғылым болмаған, тек мал баққан» деген кате түсінікке Әлкейдің қарсы шығып, күресуі, солтүстік және Орталық Қазақстандағы көне мәдениет ошақтарын ашуға деген ынтасын оятуы сәтті суреттелген. Бұл күрескерлікке Әлкей түрмеден шыққан соң бекінді. Өйткені, өзі білетін алаштық алыптардан айырылғаны өзегін өртейді. Олардың арманын орындауға ант етеді.

Алайда, анасының бейітін таба алмауы — үлкен өкініш. Есесіне, ұлт рухын көтерер асыл қазына тапты. Тарихи ауқымды бетбұрыс жасады. Біз телехикаяның бір үзінгін ғана тілге тиек еттік. Ал, мұнда көптеген тарихи қарама-қайшылыққа толы шындық суреттелген. Ел билейтін түрлі тың деректер көрерменді қызықтыра түседі.

• КӨРМЕ

Өнегелі өмір, өр тұлға

Ақын-жазушылар мен өнер қайраткерлерінің биылғы мерейтойына орай Абай атындағы облыстық балалар кітапханасының қызметкерлері «Туған өлке – тұнған тарих» атты өлкетану көрмесін ұсынады. Көрмеде тұлғалардың өмірі мен шығармашылығы таныстырылмақ.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»



Биыл ұлы ойшыл, әйгілі ақын һәм өз заманының дана биі, Абылай ханның бас көмекшісі Бұқар жыраудың туғанына – 355 жыл. Бұқар жыраудың ұлттың рухани өре-деңгейін көрсететін бірегей шығармалары халық жадында. Абылай дәуірінде серігі болған батырлар Бұқарды ұлы адам және идеялық шабыткер ретінде құрметтеді.

Көрмеге оның шығармалары жарияланған басылым, энциклопедия, сондай-ақ, кітапхана қорындағы ұлы тұлғаның өмірі мен шығармашылығын кең көлемде дәріптейтін еңбектер қойылды.

Сонымен қатар, Қарағанды қаласының Құрметті аза-

маты, Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі Анатолий Билықтың 95 жылдығы. Анатолий Петрович көп уақытын монументалды өнерге арнаған.

Ол Қазақстанның көптеген қаласында жиырмадан астам ескерткіштің суретін салды. Көрмедегі «Художники Караганды» фото-альбомы, «Жизнь в искусстве» мүсіншінің шығармашылық-өмірбаяндық альбомы, «Мир глазами художника» өнертанушы Н.Иванинаның альбомы сияқты кітаптардан оның өмірі мен шығармалары туралы біле аласыз.

Ақтер, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі, драматург

Кеңес Жұмабековтің туғанына 75 жыл толады. Кеңес Нарымбайұлы Жұмабеков – театр үйірмелерінде өте танымал, ол ұзақ уақыт С.Сейфуллин атындағы облыстық академиялық қазақ драма театрының директоры және әртісі болған. Бүгінде театрда жемісті еңбек етуде. Көрмеге оның мәдениет және театр өнері саласының ардақтылары жөнінде жазған «Елеулі есімдер» сериясындағы кітаптары ұсынылды.

Әрине, атаулы даталармен биылға арналған әдеби күнтізбенің байлығы сарқылмайды. Көрме жыл соңына дейін жұмыс істейді. Көрме жаңа басылымдардың түсуіне қарай жаңартылып отырады.

• ТОСЫН ҚҰБЫЛЫС

Ыстықкөлде де мұз қатты

Қаңтардың қақаған аязынан Ыстықкөл де қатты. Алты ай аяз болса да беті қаймақтанып көрмеген Ыстықкөлдiң биылғы күйі қырғыз ағайынды алаңдатып қойды.

Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қырғызстан елінің солтүстігінде ауа температурасы 30 градусқа дейін төмендеген. Осының салдарынан ба әлде өзге тылсымның әсері ме әйтеуір жан-жақтан құйған көлдердің жылу қорынан мүлдем қаппай «Ыстықкөл» аталған көлдің шоғайна болып қатуы кездейсоқ емес дейді жергілікті тұрғындар.

Айта кетейік, Ыстықкөл

жер бетіндегі ең терең көлдер тізімінде жетінші орында тұр. «Ramsar» сайтындағы ақпаратқа сәйкес, Ыстықкөл – әлемдегі екінші ірі тұзды көл болып саналады. Көл теңіз деңгейінен 1609 м биіктікте орналасқан. Оған 80-нен астам өзен ағындары және кішігірім арналар келіп құяды. Ал, Ыстықкөлдiң өзінен шыққан арна жоқ.



• ХОККЕЙ

Хоккейшілер алда келеді

Қарағандылық «Шахтер» хоккей клубының тәрбиеленушілері Руслан Демин, Саян Данияр, Иван Гавриленко және Денис Қаратаев 12-22 қаңтар аралығында АҚШ-тың Лейк-Плэсид қаласында өтетін XXX Дүниежүзілік қысқы Универсиадада Қазақстанның студенттер құрамасының атынан өнер көрсетеді.

Ел құрамасы топтық кезеңдегі ойынның сәтті бастады. Алғашқы кездесуде Оңтүстік Корея жастарын 1:5 есебімен жеңді. Екінші кездесуінде Венгрия құрамасын жолда қалдырды. Осы ойында қарағандылықтар керемет ойын өрнегін көрсетті. Руслан Демин әріптестеріне бес голдық пас беріп, көзге түсті. Сонымен қатар, Саян Данияр қос голдың авторы атанды. Ал, қарағандылық қақпашы Денис Қаратаев бір ғана гол жіберіп, көрермен қошеметіне бөленді.

Жастар құрамасы топтық кезеңнің үшінші кездесуінде Ұлыбритания құрамасының жастарын 15:1 есебімен тас-талқан етті. Бұл ойында Руслан Демин – 1 гол, Иван Гавриленко – 1 гол, 1 пас, Саян Данияр – 3 голдық пас беріп, жеңіске қомақты үлес қосты. Осылайша, отандастарымыз 3 ойын өткізіп, бәрінде жеңіспен аяқтады. Қоржында – 9 ұпай. Алдағы уақытта Словакия құрамасымен ойнайды.



• БИАТЛОН

Алғашқы алтын – қоржында

Лейк-Плэсидте (АҚШ) өтіп жатқан XXX Дүниежүзілік қысқы Универсиадада Вадим Куралес биатлоннан ел қоржынына алғашқы алтын жүздені салды.

Айта кетейік, халықаралық студенттік спорт федерациясына (FISU) мүше 43 елдің спортшылары спорттың 12 түрінен 86 медаль жиынтығын сарапқа салып жатыр. Биатлон жарысы бойынша 15 шақырым қашықтықта жекелей сынға түскен отандасымыз Вадим Куралес берілген межені 44 минут, 37 секундта бағындырып, алтыннан алқа тақты. Ол төрт оқ ату аймағында бір мәрте қателікке бой алдырды.

Екінші орынға оқ ату кезеңінде төрт мәрте қателескен норвегиялық Орьян Мосенг ие болды. Ол жерлесімізден 42,6 секундқа қалып қойды. Ал, үздік үштікті франциялық Алекс Гарнь түйіндеді. Оның уақыт көрсеткіші – 43 минут, 53 секунд. Сондай-ақ, тағы бір Қазақстан спортшысы Александр Мухин мәреге алтыншы болып жетті. Александр оқ ату кезеңінде бес мәрте қателесті.



• ДЗЮДО

Балуандар Португалияға барады

Португалияның Алмада қаласында 27-29 қаңтар күндері дзюдошылардың Гран-при турнирі өтеді. Турнирде ел атынан 27 балуан сынға түседі.

Ерлер бәсекесінде есімі белгілі Жансай Смағұлов (73 келі) пен Дидар Хамза (90 келі) да бар. Екеуі де құрлықтық деңгейдегі жарыстарда дараланып, Олимпия ойындары мен әлем чемпионаттарында бақ сынап жүрген тәжірибелі спортшылар. Сонымен қатар, Қанат Сейілхан (60 келі), Сұңғат Жұбатқан (66 келі), Айболат Ыстыбай (66 келі), Ансарбек Ғайнуллин (73 келі), Абылайхан Жұбаназар (81 келі), Бекәділ Шаймерденов (90 келі), Ерасыл Жанатаев (90 келі), Бекарыс Сәдуақас (100 келі), Бекзат Шағатаев (100 келі), Жамбыл Тұрғыналиев (+100 келі) және Әділ Оразбаев (+100 келі) сынды балуандарымыз өнер көрсетеді.

Ал, әйелдер арасындағы жарыста «топ жаралды» деп үміт артып отырған спортшы – Әбиба Әбужақынова. Аса жеңіл салмақтағы белдесіп жүрген ару былтыр Ташкентте ұйымдастырған әлем чемпионатында қола жүлдені қанжығалаған. Сондай-ақ, Әбибадан бөлек, тағы 13 ару татамиге шығады.

Дайындаған
Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор – **Қ.Ж. ӘБІЛДА**
Директордың орынбасары –
«Индустриальная Караганда»
газетінің бас редакторы –
О.В. МЯГКОХ
Директордың орынбасары –
Г.Ш. ЖҰМАДИЛДИНОВА

Бас редактор –
Е.К. МҰСАБЕК
Бас редактордың орынбасары –
Н.С. ДҮТБАЙ
Интернет-редакция редакторы –
І.Д. МҰҚАЙ
Жауапты хатшы –
Қ.Б. ҒАЛЫМ

Телефондар:

Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-57-76
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82;

Меншікті тілшілер:

Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Призерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нура, Осакаров: 8-777-073-71-13
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
- Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
- Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
- Материалдың жариялану ақысы төленген ®

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №93 үй.

Электрондық пошта: ortaltyk.kz@gmail.com; ortaltyk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortaltyk.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD0003131,
БИК KJCBKZXX БИН 000840001412

Таралымы 5 602

№6 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор **Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ**